# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

2.08.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№29 (8143)



KELBET
ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ 2-бет

KÚN TÁRTIBI
ЕМХАНА ЖАҢАРТЫЛДЫ 3-бет

RÝHANI JAŃǴYRÝ
ЖАТ СӨЗДЕРДІ ҚАЛАЙ ЖАҚЫН ТАРТА АЛАМЫЗ? 5-бет

QOǴAM
ТАМЫЗ АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ 6-бет


БІРГЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ

## ПРЕЗИДЕНТТІҢ КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ ҚЫРКҮЙЕКТЕ БАСТАЛАДЫ



**Президенттің кадрлық резервіне іріктеу 1 қыркүйекте басталады. Бұл туралы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің баспасөз қызметі хабарлады.**

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Игілік баршаға! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» сайлауалды бағдарламасында елде Президенттік кадрлық резервті қалыптастыру қажеттігін жариялады. Тұңғыш рет инновациялық технологиялар, инженерия, кәсіпкерлік қызмет, медицина, экономика, мәдениет және басқа да көптеген салаларда елеулі нәтижелерге қол жеткізген жас қазақстандықтарда резервке іріктеуден өтуге және елдегі жоғары мемлекеттік, басқару лауазымдарына тағайындалуға мүмкіндік пайда болды.

Іріктеу барынша ашық өткізіледі, оған 35 жастан аспаған, жоғары білімі және кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар жастар қатыса алады.

**Резервке қосылуға ынталы азаматтар бірнеше кезеңнен өтуі тиіс:** кандидаттардың теориялық білімін тестілеу;

көшбасшылық қасиеттерді, сыни ойлау деңгейін, стратегиялық көзқарасын, үміткерлердің уәждемесі мен құндылықтарын бағалау (эссе жазу, жобаларды таныстыру, сұхбаттан өту және бағалаудың басқа да құралдары);

Президент Әкімшілігінің Сарапшылық комиссиясында әңгімелесу;

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның отырысында қарау.

Егер Сіз табысты бастамалардың авторы болсаңыз, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру үшін жаңа жобалар мен іс жүзінде іске асырылатын идеяларды ұсынуға, жедел шешім қабылдауға және инновацияларға тез бейімделуге қабілетті болсаңыз «Президенттік кадрлық резерв» жобасына қатысуға онлайн өтінім жолдаңыз!

Қазақстанның дамуында шешуші рөл ойнайтын және ілгерілеудің қозғаушы күші болатын жас әрі тиімді болашақ басшылардың қатарына қосылыңыз.

Толық ақпаратты агенттіктің **qyzmet.gov.kz** сайтынан алуға болады.

## ЖАҢАРҒАН БУЛЬВАР – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



**Алғашында «Космонавтар» бульвары аталып, 1976 жылы «Ғарыш» ескерткіші мен ғарышкерлер аллеясымен толықтырылған, 1994 жылы Сарыарқаның сабаз ақыны Сәкен Сейфуллиннің туғанына 100 жыл толуына орай «Сәкен Сейфуллин» бақжолы атауын иеленген, қазіргі Ғарышкерлер бульвары – мысты шаһарымыз Жезқазған қаласының көркіне көрік қосып, мерейін үстем еткен, халық көп жиналатын демалыс орындарының бірі. Онда 2018 жылдың жазында басталған күрделі жөндеу жұмыстары қала тұрғындарын қуанышқа бөлегені рас. Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойы қарсаңында Ғарышкерлер бульварының жөндеу жұмыстары аяқталып, салтанатты түрде хлық игілігіне тапсырылды.**


►► *2-бетте*


## ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ОН МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ

### 1) ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ.

Тұрақты және қарқынды экономикалық өсім арқылы ғана бұл мәселені шешуге болады.

Ең алдымен, өсім бізге не үшін қажет екенін терең түсінуіміз керек. Азаматтарымыз өз елінде алаңсыз өмір сүріп, еңбек етіп, ұрпағын тәрбиелеп, халқымыздың жетістіктеріне бірге қуанып, мақтан тұту үшін Экономикалық өсім болуы тиіс.

Таяу арада Үкіметтің кеңейтілген отырысында біз еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған нақты міндеттерді айқындаймыз.

### 2) СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ

Бірінші қыркүйекке дейін жемқорлықтың деңгейін мейлінше төмендетуге бағытталған реформалар топтамасы дайындалады.

Жемқорлық - мемлекеттің дамуын тежейтін кесел. Бұл қоғамдағы өзара сенімге, жалпы мемлекетіміздің қауіпсіздігіне қатер төндіретін құбылыс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыс жүргіземіз.

### 3) СОТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ.

**СОТ - ЗАҢ ҮСТЕМДІГІНІҢ КЕПІЛІ.**

Сондықтан судьялар жоғары кәсіби және адамгершілік талаптарына сай болуы - бұл үлкен міндет.

Судьялар мен осы қызметке үміткерлерді бағалау және іріктеу жүйесін қатаңдату керек. Сот - әділдіктің соңғы шегі болуы тиіс.

Құқық қорғау жүйесінің басты міндеті - халықтың сеніміне ие болу.

### 4) ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН АШУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ЛАЙЫҚТЫ ЖАЛАҚЫМЕН ҚАМТУ.

Ұлттық табысты әділ бөлу мәселесі бұл - стратегиялық маңызды дүние.

Мемлекеттік бюджеттің қаражатын, ең алдымен келешегі зор мақсаттарға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бөлу қажет.

### 5) ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ.

Түрлі санаттағы азаматтардың қолжетімді баспанаға ие болуына айрықша назар аударамын.

Біздің алдымызда Бірыңғай тұрғын үй саясатын жасақтау міндеті тұр.

Үкімет осы бағытта нақты шаралар қабылдайды.

### 6) ӘДІЛЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ.

Біз адам капиталын дамыту саясатын жалғастырамыз.

Бұл бағытта, ең алдымен, не істеуіміз қажет? Жаппай білім беруді қолдау. Барлық тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсету.

Бұл мәселелер бойынша біздің тұтас бағыт-бағдарымыз бар.

Біз мұғалімдердің және дәрігерлердің мәртебесін көтеретін жаңа заңдар қабылдаймыз.

Олардың құқығын қорғап, материалдық жағдайын жақсарту үшін тиісті жағдай жасаймыз.

### 7) ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУДЫҢ ЖАҢА БАҒДАРЫ.

Біздің қағидамыз баршаңызға мәлім: Қуатты аймақтар - Қуатты Қазақстан. Азаматтарымызды толғандырған нақты мәселелер жергілікті деңгейде шешілуі тиіс.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайтамыз.

Аймақтағы қордаланған мәселелерді шешуге халық белсене араласатын болады.

### 8) «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ БІЗДІҢ БАСТЫ РУХАНИ БАҒДАРЫМЫЗ БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕДІ.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Тарихқа құрметпен қарау, Отанға адал болу, ғылым-білімге деген ұмтылыс - мұның барлығы біздің халқымыздың бойындағы асыл қасиеттер.

Бұл қасиеттер біздің халқымыздың бірлігін және ұлтымыздың жасампаздығын нығайтады, бәсекеге қабілетті ел болуға жол ашады.

Қазақстанды болашаққа бастайтын - жастар.

Сондықтан бұл бағдарламаны жас ұрпақты тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет.

### 9) СЫРТҚЫ САЯСАТ.

Қазақстан әлемде үлкен беделге қол жеткізді, өзін бейбітсүйгіш, ашық ел, халықаралық істерде сенімді және жауапкершілікті әріптес ретінде танытты.

Біз конструктивті, теңдестірілген, көпвекторлы, сыртқы саяси бағытымызды жалғастырамыз. Әлемдік аренада ұлттық мүддемізді нық ілгерілететін және қорғайтын боламыз.

Еліміздің сыртқы саяси қызметі Отанымызға, ұлттық бизнеске, әр азаматқа нақты пайда әкелетін болады.

### 10) ЖАС ҰРПАҚҚА ЕРЕКШЕ ҚАЙЫРЫЛҒЫМ КЕЛЕДІ.



Сіздердің алдарыңызда Қазақстан дамуында шешуші рөл атқару, прогрестің қозғаушы күші болу міндеті тұр.

Елбасы 2019 жылды Жастар жылы деп жариялады. «Жастар – ел тірегі» арнайы жобасы жұмыс істей бастады.

Біз жастардың «Жас кәсіпкер» бизнес-бастамасын дамыту бағдарламасын жүзеге асырудамыз, жастар стартаптарын қолдайтын боламыз.

Жастарды жұмысқа орналастыру бағдарламаларын енгіземіз.

Менің міндетім – сіздерге өздеріңіздің ең үлкен армандарыңызды жүзеге асырып, жеке «табыстар тарихын» қалыптастыруларыңызға барлық мүмкіндікті туғызу.

Мемлекеттік қызметтің барлық деңгейіне жас талантты басқарушыларды ілгерілету үшін «Президенттің кадрлық резерві» қалыптастырылатын болады.

**Біздің жастарымыз мақсаткер, еңбексүйгіш, креативті, сондықтан Қазақстанның болашағы сенімді қолда.**




«SARYARQA»

ГАЗЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ДЕ ОҚИ ЖҮРІҢІЗ!

FACEBOOK.COM/SARYARQAGAZETI/

T.ME/SARYARQA/

@SARYARQA_GAZETI

WHATSAPP + 7 708 420 19 88

SARYARQA-АҚПАРАТ

## БАҒЫНЫШТЫСЫ ПАРА АЛҒАН БАСШЫ ҚЫЗМЕТТЕН КЕТЕДІ




**Басшыларды қоластындағылардың жемқорлығы үшін жауапқа тарту – ұжымда тәртіп орнатудың ең жақсы жолы. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Олжас Бектенов Ауыл шаруашылығы министрлігінде өткен кеңесте осылай деді.**

– Президенттің басшылардың жауапкершілігін күшейту туралы талабын білесіздер. Аталмыш талап – басшыларды ұжымда тәртіп орнатуға ынталандырудың ең жақсы факторы, – деген Олжас Бектенов аталмыш норманы заңнамалық негізде бекіту жұмыстары жүргізіліп жатқанын атап өтті.

– Бұл мәселені Парламентте шешетін боламыз. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыс күшейтілетін болады. Яғни, кез келген қызметкер жемқорлық бойынша жауапқа тартылса, басшысының жауапкершілігі туралы мәселе қоятын боламыз. Біз ол үшін барлық тетіктерді іске қосамыз. Әр басшы өз ұжымында жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуі тиіс. Күн сайын қарамағындағы адамның қызметте де, жұмыстан тыс уақытта да немен айналысатынын біліп отыруы қажет. Ұсақ бассыздықты елемеу – үлкен жемқорлыққа жол ашады. Егер сізге мемлекеттік қызметтегі мансап жолыңыз қымбат болса, табысқа жеткіңіз келсе, қарамағыңыздағы қызметкерлерге ие болуыңыз керек. Бұған барлығыңызды шақырамыз, – деді Олжас Бектенов.

## АРЫСТА 5776 ҮЙДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ЖҰМЫСТАР АЯҚТАЛДЫ

**Арыста 31 шілдеге қарай 5776 үйде қалпына келтіру жұмыстары аяқталды. Оның ішінде 2529 үйге әрлеу жұмыстарын жүргізу жалғасуда.**

Қаланы 17 сектор бойынша 7,7 құрылысшылар қалпына келтіруде. Бүгінгі таңда жұмысшылар 4 көппәтерлі тұрғын үйді пайдалануға тапсырды, тағы да 17 көп қабатты үйлерде күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды, онда әрлеу жұмыстары ғана қалып отыр.

Арыс қаласын қалпына келтіруге еліміздің барлық өңірлері, сондай-ақ республикалық маңызға ие қалалар да өз үлестерін қосуда. ТЖ орын алған алғашқы күннен бастап құрылыс жұмыстарына бақылау және мониторинг жасауды министрліктің бірінші вице-министрі Қайырбек Өскенбаев жүргізуде.

## ИПОТЕКАҒА СҰРАНЫС АРТТЫ

**Елімізде несие портфелі бір жарым триллион теңгені құрады. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 30%-ға көп.**



Екінші деңгейлі банктердің ипотекалық несиелері бір айда 4,5%-ға өсті және бірден рекордтық 30,5%-ды құрап, 1,49 трлн теңгеге жетті. Бұл экономикаға берілген несиелер жиынтығының 11,6%-ын құрайды. Былтыр бұл көрсеткіш 1,14 трлн теңге болған.

Жалпы, Қазақстанда ипотекалық несие екі бағыт бойынша жүргізіледі: жеңілдіктер қарастырылған ипотека және арнайы санаттағы қазақстандықтарға қолжетімді ипотека. Мысалы, табысы төмен көпбалалы және мүгедек баласы бар отбасыларға жеңілдік қарастырылған. Сондай-ақ, қазақстандықтарға қол жетімді коммерциялық ипотека бар.

Бүгінгі күні пайыз мөлшерлемесі төмен әрі тиімді ипотека беретін банктер қатарында Altyn Bank (15,4%), Сбербанк (15,6% ) және РБК банкі (16%) бар.

Ипотека бойынша ұзақ мерзімді 5 банк ұсынып отыр: Алтын Банк, Нұрбанк, Сбербанк, Халық банк және Тенгри Банк. 240 ай (20 жыл).

Ең төменгі алғашқы жарна бойынша ForteBank көш бастап тұр – 15%. Ал, Altyn Bank, Tengri Bank және АТФ банктері сатып алатын баспана құнының 20%-ын қуюды сұрайды.

Қазір Қазақстанда 28 екінші деңгейлі банк бар. Олардың 15-і ғана ипотека береді.

## ҚАРАҒАНДЫДА ЦИФРЛЫҚ ИНДУСТРИЯ МАМАНДАРЫ ДАЯРЛАНАДЫ

**Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті жұмыс берушілермен бірге жаңа білім беру бағдарламаларын әзірледі. ЖОО цифрландыру дәуірінде еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлайды.**

«Индустрия 4.0» жолында білікті кадрлардың жетіспеушілігі айтарлықтай кедергі болып отыр. Бұл мәселені өндірісті жаңғыртқан өнеркәсіп кәсіпорындарының басшылары көтерді. Аталмыш сұрақ ғылым, инновация және жаңа технологиялар бойынша аймақтық кеңесте де талқыланды. Нәтижесінде бірлескен шешім қабылданды.

ҚарМТУ «Индустрия 4.0» шеңберінде кірістірілетін цифрлық басқару жүйесін дамудың ең әлеуетті бағыттарының бірі деп белгіледі. Кеніштерде, фабрикаларда және басқа да кәсіпорындарда ол сандық өндірістің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл жүйелерді әлемдік өндірушілер кеңінен қолданады және ол Қазақстанның өнеркәсібі мен энергетикасына белсенді түрде енгізілуде.

Тағы бір әлеуетті бағыт – жерүсті сканерлеу және георадарлық жабдықты пайдалана отырып, ғарыштық және серіктік технологиялар. Бүгінде оларды құрылыс компаниялары, тау-кен металлургия кешені, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары және т. б. пайдаланады.

IT саласындағы, денсаулық сақтау және биоиндустрия салаларындағы құзыреттерді біріктіретін жаңа бағыт та басымдыққа ие болып отыр. Цифрлық технологиялармен жұмыс істеуге қабілетті, сұранысқа ие мамандарды дайындау үшін университетте бакалавриаттың 6 инновациялық білім беру бағдарламасы және бір магистратура әзірленді. Олардың барлығы жұмыс берушілермен келісілген.

Осы бағыт бойынша ЖОО машина жасау, денсаулық сақтау, сүт өнеркәсібі, тау-кен металлургия кешені және т.б. кәсіпорындары үшін кадрлар дайындайды. Сонымен қатар тәжірибеге де баса назар аударылады. Студенттер кәсіпорындарға барып заманауи жабдықтарды игеріп, үздік мамандардан сабақ ала алады.

# ЖАҢАРҒАН БУЛЬВАР – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

«Қазақмыс» корпорациясының демеушілік етуі негізінде, «Ютария ltd» өндірістік-инновациялық компаниясы және Жезқазған қаласы өнеркәсіпшілері мен кәсіпкерлері қауымдастығының бірлесе жұмыс атқаруымен жаңарған бульвардың салтанатты ашылуына қатысқан Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Асылбек Дүйсебаев:

– Құрметті жезқазғандықтар, қала қонақтары, бүгін біз Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошановтың тікелей тапсырмасымен Ғарышкерлер бульварының ашылу салтанатына арнайы келіп отырмыз. Барша қала тұрғындарын елеулі оқиғамен шын жүректен құттықтаймын. Жезқазған қаласы – еліміздегі маңызды да мәртебелі аймақтың бірі. Жезқазған қаласы күн өткен сайын гүлденіп, көркейіп келеді. Ғарышкерлер бульварын жаңа кейіпке енгізген «Қазақмыс» корпорациясына облыс әкімдігінің атынан үлкен алғысымызды білдіреміз. Бақжол әрбір жезқазғандықтың сүйікті демалыс орнына айналары сөзсіз. Құрметті, ағайын, қуаныштарыңыз құтты болсын!, – деп жезқазғандықтарға өз құттықтауын жеткізді.

– Бүгінгі күн – біз үшін ерекше. Бұл бульвар – аспан әлемін бағындырған ғарышкерлер келіп, жасыл желек отырғызған тарихи орын. Ғарышкерлер бульвары көптен жөндеу жұмысын талап еткен еді. Міне, бүгін – сол бір көптен күткен жұмыстың орындалып, оң нәтижесі көрінген күн. «Қазақмыс» корпорациясы қаламыздың көркеюі жолында еңбек етуден танған емес. Алдағы уақытта әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаев атындағы алаңға да жөндеу жүргізу жоспарда бар, – деді өз сөзінде «Қазақмыс» корпорациясы басқару кеңесінің бас директоры Бақтияр Қырықпышев.

Осылайша Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Асылбек Дүйсебаев, «Қазақмыс» корпорациясы басқару кеңесінің бас директоры Бақтияр Қырықпышев, «Ютария ltd» өндірістік-инновациялық компаниясының басшысы Сәуле Шәуенова, Қазақстан Республикасының Құрметті металлургі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіров Ғарышкерлер бульварын лента қиып, салтанатты түрде ашты.

Төлеген Бүкіров жиналған қауымды даңқты қолбасшы, ақын, күйші, жырау Кетбұқа жайлы, оған арнап орнатылған ескерткіш және жаңадан бой көтерген мемориалды кешен туралы деректерден хабардар етті.





Жаңадан бой көтерген мемориалды кешенде Кетбұқа жыраумен байланысты «Ақсақ құлан – Жошы хан» аңызы баяндалатын және XVI ғасырда өмір сүрген әйгілі қолбасшы Доспамбет жыраудың өлеңі жазылған тақталар баба ескерткішінің мазмұнын байытып тұр.

Жөндеуден өткен «Ғарыш» тарихи-мәдени ескерткіші, 1 жастан 3 жасқа дейінгі балаларға арналған «Радуга» балалар ойын кешені, 3 жастан 10 жасқа дейінгі балаларға арналған «Лукоморье» дамыту кешені, 3 жастан жоғары балаларға арналған «Патшалық» ойын кешені, 12 жастан жоғарыларға арналған «Скейтпарк» мәдени-сауықтыру кешені, «Co-working» еркін ойлау байланыс аумағы, «I love Zhezkazgan» арт-нысаны, кітап алмастыру орыны, «Шахмат әлемі» ойын аумағы, «WorkOut» әмбебап спорт аумағы, ересектерге арналған демалыс аймағы бульвардың сәнін одан әрі кіргізіп тұр. Мұнда сондай-ақ, велосипедшілерге арналған жол салынып, жаңа субұрқақ іске қосылды және барлық аумақ толық жарықтандырылды.

Бульвардың жөндеу жұмысына жалпы 344,7 млн. қаржы жұмсалған. Мұнда жалпы ұзындығы 3200 метр суару желісі тартылып, 172 түп тал отырғызылды. Жөндеу жұмысына 100-ден аса жұмысшы жұмылдырылды және жөндеу кезінде пайдаланылған құрылыс заттарының 90%-ы отандық өндірушілердің өнімдері болғанын атап өткен жөн. Ғарышкерлер бульварының жөндеу жобасы мен безендіру-жабдықтау жұмысын ұйымдастыруда «Кварц-Огнеупоры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен ұйымдастырушы Асқарбек Жанқұлов бастаған мамандардың еңбегі де мақтауға тұрарлық.

Жезқазған қаласы әкімі Қайрат Бегімов, қала әкімінің орынбасарлары, «Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова, БАҚ өкілдері және қала тұрғындары қатысқан «Ғарышкерлер» бақжолының ашылу қуанышына ортақтасқан жезқазғандықтардың бірі Сәуле Жақыпова:

– Ғарышкерлер бульварының жаңа кейіпте ашылу салтанатын барша қала жұршылығы тағатсыздана күтті. Бұл – барша халыққа ортақ қуаныш. Мұнда кешкілік уақытта халық қарасы көбейеді. Қазір демалушылардың саны тіптен артты. Бұл жерге мен көбіне немерелерімді алып келемін. Қазір жаңартылған бақжолында балалардың ойыны үшін барлық жағдай жасалған. Сол үшін осы бульварды жаңартуға еңбек сіңірген мамандарға зор алғысымды білдіремін. Қала халқын бақжолындағы өз игілігіміз үшін жасалған нысандарға ұқыптылықпен қарауға шақырамын, – деді.

Шара соңында «Ютария ltd» өндірістік-инновациялық компаниясының басшысы Сәуле Шәуенова қала әкімі Қайрат Бегімовке Ғарышкерлер бульварының алтын кілтін табыстап, бұдан былай жаңарған бақжолды қала халқына аманаттайтынын жеткізді.

Ғарышкерлер бульварының тұсаукесер салтанаты одан әрі қаламыздың өнерлі жастары ұйымдастырған мерекелік концертке ұласып, балғындардың көңілін ертегі кейіпкерлерінің қатысуымен өткен ойындар көтерді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

БІРГЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ

# ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ

**Жезқазған көпбейінді ауруханасында ҚР Президентінің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа Жолдауы мен мемлекеттік әлеуметтік қолдау шараларын талқылаған кездесу өтті.**

Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты, «Жез Тағылым» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Хансейіт Бөлен, Жезқазған жастар ресурстық орталығының бас маманы Ізтөлеу Түсіпов аурухана қызметкерлеріне Жолдаудың бағыттарын, осы құжат негізінде қолға алынған бастамаларды айта келе, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен іске асып жатқан жұмыстарға да тоқталды.

– Бүгінгі таңда Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев барлық деңгейдегі билік өз кезегінде мемлекеттік органдардың жұмысының тиімділігін арттырып қана қоймайды, сонымен бірге сыбайлас жемқорлықтың да жолын қияды. Бізде сыбайлас жемқорлықпен күрестің негізгі мақсаты – оның алдын алу, жемқорлыққа себеп болатын жағдайларды жою. Осы бағытта айтарлықтай шаруа атқарылып жатыр, – деді қалалық мәслихат депутаты Х. Бөлен.

Халық қалаулысы сонымен бірге халықтың билікпен байланысын нығайту, қоғамдағы күрделі мәселелерді шешудің тиімді тетіктерін қарастыру, қабылданатын мемлекеттік шешімдердің сапасын арттыру мақсатында Президент Қ. Тоқаевтың буынына ашықтық пен тиімді диалог қағидасын ұстануды тапсырып отыр. Бұл Жарлығымен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің құрылғанын да тілге тиек етті.





– Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі – қазіргі уақытта азаматтық қоғам мен билік өкілдерін бір жерге жинап, өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік беретін алаң болып отыр. Ұлттық кеңестің міндеттеріне келер болсақ, ең алдымен кеңес мүшелері мемлекеттік бағдарламалардың жобаларына сараптама жасайды, азаматтардың пікірлерін ескере отырып стратегиялық мәселелерді қарастырады. Осылайша билік пен халық арасында диалог орнайды, – деді ол өз сөзінде.

Кездесуде сөз алған жастар ресурстық орталығының бас маманы Ізтөлеу Түсіпов мемлекет басшылығы халықтың әлеуметтік ахуалын жақсартуды, жаңа жұмыс орындарын ашып, жастарды жұмыспен қамтуды негізгі мақсат етіп отырғанына тоқталды.

– Байқаған болсаңыздар, соңғы уақытта қабылданып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың дені әлеуметтік сипат иеленеді. Мұнда көп балалы отбасыларды, жұмыссыздарды қолдауға арналған іс-шаралар қолға алынуда. Арнайы әлеуметтік көмектен бөлек жұмыссыздарды оқыту, кәсіпкерлікпен айналысуына жағдай жасау үшін бюджеттен қыруар қаражат қарастырылған. Биыл жастар жылы деп жарияланды. Яғни бұл жыл жастарға нақты қолдау мен мүмкіндіктер ұсыну жылы болмақ. Қаламызда жастарды қолдау шаралары кеңінен қолға алынуда. Бизнеске икемі бар жастарға қайтарымсыз гранттар беру, жұмыспен қамту сынды бірқатар жобалар жүзеге асуда, – деді Ізтөлеу Бекенұлы.

Кездесу барысында аурухана мамандары өз салаларында болып жатқан оң реформаларға қолдау танытып, лекторларға өздерін толғандырған сұрақтарын қойды.

**Өз тілшіміз**

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

# МАМАНДАРДАН КЕҢЕС АЛДЫ

**Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің бастамасымен Халықтар достығы мен мәдениеті үйінің екінші қабатында қала тұрғындарына медициналық көмек көрсетіп, ақыл-кеңес беру мақсатында ашық есік күні ұйымдастырылды.**

Ашық есік күнінде қала тұрғындарын облыстық психоневрологиялық диспансер, облыстық наркологиялық диспансер, облыстық туберкулезге қарсы диспансер, Қарағанды облыстық ЖИТС-пен күрес орталығы, Жезқазған қалалық көпбейінді ауруханасы, «Қарлығаш» соматикалық шипажайы, Жезқазған қалалық медициналық колледжі, «Балалар үйі» емдеу орталығы, Жезқазған қалалық емханасы, Жезқазған медицина орталығы, «Әбілдинова», «Көшімбаева», «Бексейітова», «Тильман», «Байменова», «Макенбаева», «Жүрек» отбасылық дәрігерлік орталықтардың мамандары қабылдап, кеңес берді.

– Біз әр тоқсан сайын «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында жергілікті дәрігер мамандармен бірлесе ашық есік күнін ұйымдастырамыз. Бүгін қаламыздың ең білікті денсаулық сақтау саласының мамандары жиналды. Бұл жерде тұрғындар кез келген сұрақ бойынша медициналық тұрғыдан кеңес ала алады. Сондай-ақ, ауылдық жерлерде тұратын халыққа да өте тиімді. Олар осы ашық есік күніне қатысып, өз сұрақтарына нақты әрі тез жауап алу мүмкіндігіне ие болып отыр. Және де біздің орталық әр бейсенбі сайын көп балалы аналарға арналған ашық есік күнін өткізеді. Біз бүгінгі ашық есік күніне келген тұрғындардың жергілікті мекенжайы мен байланыс телефондарын жазып алып қалдық. Оларға алдағы уақытта да хабарласып, көмектесетін боламыз, – дейді Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің бас маманы Марфуға Ембергенова.

– Бүгін тұрғындар дәрігер қабылдауына қалай жазылуға болады, дәрігерлік уческелік тіркеуімізді қалай біле аламыз, қойылған диагноз бойынша анықтама алу, тағы да басқа көкейде жүрген мәселелері бойынша сұрақтартарына жауап алды. Біз ауруына ем, жанына дәру іздеген барлық науқастарға көмек көрсетеміз. Бұл ашық есік күнінен бөлек біздің орталыққа күніне 250 адам келіп қаралады. Және де әр сенбі сайын жоспарланған тақырыптарға сәйкес біздің мамандар ашық есік күнін өткізеді, – деді Жезқазған қалалық емханасы директорының міндетін атқарушы білікті маман Гүлжан Шомаева.

Ашық есік күні халыққа қаладағы 17 денсаулық сақтау орталығынан 35 маман қызмет көрсетті. 100-ге тарта халық өздерін мазалаған сауалдарына жауап алды.




Ашық есік күні мамандар көмегіне жүгінген тұрғынның бірі – Нұржамила Аманова.

– Екі күннен бері белім ауырып, мазам болмаған еді. Жұмысқа байланысты ауруханаға баруға уақыт таппадым. Бүгінгі ашық есік күнінің арқасында невропатолог маманмен кездесіп, денсаулығымды қаратуға үлкен мүмкіндік туды. Басқа да көптеген толғандырып жүрген жайттар бойынша кеңес алдым. Мұндай шаралар алдағы уақытта да көптеп ұйымдастырылса жақсы болар еді, – деген Нұржамила, ақ халатты абзал жандарға алғысын білдірді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

*Суреттерді түсірген*

**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# «BIRGE – TAZA QAZAQSTAN»

## эко-челленджі Жезқазғанда қолдау тапты

**Қала тазалығы – тұрғындар мәдениетінің басты көрінісі. Сондықтан, тұрғылықты жеріміздің экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында сенбіліктер ұйымдастыру ерекше маңызға ие. Үкімет басшысы Асқар Мамин қолдаған «Birge – Taza Qazaqstan» эко-челлендж түріндегі жалпыхалықтық акция еліміздің түпкір-түпкірінде қолдауға ие болып, ел астанасы – Нұр-Сұлтан қаласынан басталды.**



Жалпықазақстандық қолдауға ие болған «Birge – Taza Qazaqstan» эко-челленджіне Қазақстан Республикасы Президенті де оң бағасын берген болатын.

– Үкімет пен азаматтық қоғамның бастамасымен бүкіл ел бойынша жүзеге асырылып жатқан эко-челлендж қозғалысын толық қолдаймын. Елді тазалық аймағына айналдырайық. Бірге – Таза Қазақстан! Жарайсыңдар, еріктілер – деп Президент Қасым-Жомарт Тоқаев туиттер парақшасында өз қолдауын білдірді.

– Мен бұл акцияның кеңінен таралатынына, жалпыреспубликалық шараға айналатынына және азаматтар арасында қолдауға ие болатынына сенемін. «Бірге – Таза Қазақстан» акциясы еліміздегі экологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді, – деген премьер-министр Асқар Маминнің бұл бастамасын Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов те қолдап, қала тұрғындарымен бірге сенбілікке шықты.

– Бүгін жалпы Қазақстан бойынша үлкен «Birge – Taza Qazaqstan» акциясы өтіп жатыр. Акцияның мақсаты – ең алдымен, өз еліміздің, өз жеріміздің табиғатын тазалау. Біз өз Отанымызға қамқорлықпен қарауымыз керек. Кеңгір су қоймасы – жезқазғандықтардың сүйікті демалыс орны, сонымен қатар, тіршіліктің көзі. Өкінішке орай, кейбір қала тұрғындары оның тазалығына немқұрайлық танытады. Тазалық – ежелден-ақ біздің халқымызға тән қасиет. Біз айналасын, отырған жерін әрдайым тап-түйнақтай таза ұстаған, табиғат-анамен үндестікте өмір сүрген, қасиет тұтқан, оның әрбір тасын қадірлеген халықтың ұрпағымыз. Сондықтан, туған жерді аялау – біздің міндетіміз. Бүгінгі акцияға мыңнан аса ерікті қатысуда. Осындай игі шараларға қолдау көрсету арқылы біз жас ұрпақты жауапкершілік, жанашырлық сынды қасиеттерге баулимыз, – деді Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова.

Қаламызда өткен «Birge – Taza Qazaqstan» акциясына мемлекеттік қызметкерлер, бизнес-құрылым өкілдері, «Жасыл ел» еңбек жасағы мен қала жастары, еріктілер қатысты.

– Бүгін біз достарымызбен қаламызды қоқыстан тазарттық. «Birge – Taza Qazaqstan» эко-челленджі қаламызды қоқыстан тазартуға өте көп септігін тигізді деп ойлаймын. Мен өзім жүрген жерімде қоқыс тастамаймын, керісінше, жинап жүруге тырысамын. Достарымды да қала табиғатына жанашырлық танытуға шақырамын, – дейді акцияға қатысушы жастың бірі – Жансая Тұрғанбекова.

Акцияға қатысқан жезқазғандықтар жалпы көлемі 25 гектар жерді тазартты. Қатысушыларды тазалау аймақтарына жеткізу үшін алты автобус жұмылдырылды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# БАТЫРМЕН ҚОШТАСТЫ

**Жұма күні жезқазғандықтар Ақмола облысы аумағында броконьерлер қолынан қаза тапқан «Охотзоопром» ӨБ» РМК инспекторы Қаныш Нұртазинды ақтық сапарға шығарып салды.**




Марқұмның қазасына орай өткен қаралы митингіге Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев арнайы келіп қатысты. Қаралы жиында сөз алып, марқұмның отбасына көңіл айтқан облыс басшысы Қаныш Нұртазиннің отбасы мемлекет қамқорлығында болатынын жеткізді.

– Қадірменді жамағат, осындай қаралы жиында сіздермен кездесеміз деген ойымызда болмап еді. Ұлытаудың ұланы, батырымыз, Қаныш бауырымыз броконьерлер қолынан ерлікпен қаза тапты. Бұл қайғы, бұл қасірет жалғыз Қаныштың туған-туысына, жалғыз жезқазғандықтарға ғана ауыр тиіп отырған жоқ, бүкіл елдің қабырғасын қайыстырды. Мемлекет басшылығы бұл оқиғаны бақылауға алып, қандықол қылмыскерлер құрықталды, заң шеңберінде әділ жазасын алатын болады. Өкінішке орай, бұл бірінші оқиға емес, өткен жолы Ерлан бауырымыздан айырылып қалдық. Азаматтар жерімізді, оның байлығын, қасиетті ақбөкендерімізді қорғаймыз деп қаза болуда. Қазаның барлығы ауыр, бірақ осындай тосыннан келген қасірет, жендеттердің қолынан болған қаза қабырғамызды қайыстырмай қоймайды. Бүгін Елбасының атынан, Мемлекет басшысының атынан Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев екеуміз көңіл айтуға, қолдау көрсетуге арнайы келіп отырмыз. Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаныш марқұмды батырларға берілетін 1-дәрежелі «Айбын» орденімен марапаттады. Қаныш батырымыздың отбасына айтарым – біз Сіздермен біргеміз. Біз сіздердің алдарыңызда басымызды иеміз. Қаныштың отбасын біз ұмытпаймыз, балаларының келешегі жарқын боларына сенемін, – деді өз сөзінде Ерлан Жақанұлы.

Қаралы жиында марқұмның отбасына көңіл айтқан ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев қайғылы оқиғаны қабырғасы қайысып қабыл алғанын жеткізді.

– Қызметіне адал, ержүрек, қайсар ұл Қаныш Серікұлын соңғы сапарға шығарып отырмыз. Көңілі жарқын, сертіне берік, өмірін шынайы еңбекке арнаған Қаныш Серікұлының ғұмыры қысқа болды. Бұл қаза – барлығымыз үшін өте ауыр қаза, орны толмас қайғы. Осындай ер мінезді азамат тәрбиелеген марқұмның анасына, туған-туыстары мен өскен ортасына шексіз алғыс айтамыз. Алла марқұмның анасына, жарына, артында қалған бес баласына қуат берсін, жар болсын, – деген министр Президент Жарлығымен берілген 1-дәрежелі «Айбын» орденін марқұмның отбасына табыс етті.

Митингіде сондай-ақ, аймақ тұрғындары атынан ҚР Мәдениет қайраткері Сейітжан Өмірбаев, марқұмның туыстары Серік Мәкіш сөз алып, көңіл білдірді.

Қаралы митингіні қорытындылаған Ұлытау ауданының әкімі Әнуар Омар Қаныш Нұртазин есімін ұрпақ жадында сақтау маңызды екенін атап өтті.

– Есте жоқ ескі замандардан, биі көп есті замандардан, батыры көп сесті замандардан қалған «Еркек тоқты – құрбандық» деген бұлжымас заң бар. Малды, жанды былай қойғанда туған жерінің жүгірген аң, ұшқан құсына дейін пана болу – ер азаматтың парызы. Қаныш бауырымыз тура осы парызын бұлжытпай орындап, дүниеден өтіп отыр. Кешегі Тілеулі батыр, Есенғабыл, Есенбек, Сандыбай, Аманбай батырлар азуын айға білеп, найзасымен бұлтты іреп ерліктің үлгісін көрсете білген. «Топырақтың киесі текке кетпейді» деген, тағы бір батырымыз бізді ер атандырып, ерлердің мекені деген атымызды тағы бір жаңғыртты. Әрине, өкінішті, қайғылы жағдайда елді, жерді қорғаудың үлгісін көрсетті. Батыр Қаныш есімі ұрпақ жадында мәңгі сақталады. Марқұмның тірісінде жинамаған дүние байлығын иман байлығынан берсін, алды пейіш, арты кеніш болсын!, – деді өз сөзінде Әнуар Серікбайұлы.

Жиын үстінде белгілі болғандай, алдағы уақытта Ұлытау ауданының орталығындағы көшелердің бірі Қаныш Нұртазин есімімен аталмақ.

**Жомарт ТАЙМАС**

ӨРКЕНДЕУ ӨЗЕГІ

# ОСМИЙ ОТАНЫ

**«Жезқазғансирекмет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны ҚР Үкіметінің №1292 қаулысымен 1995 жылы 28 қыркүйекте құрылған еді. Негізгі мақсаты – «Жезқазғантүстімет» АҚ-на Оңтүстік Кореяның «Самсунг» корпорациясы инвестор болып келуіне байланысты республиканың стратегиялық және экономикалық мүддесін қорғау. Содан бергі 24 жылдың ішінде кәсіпорын тиісті технологиялары мен жабдықтарының негізінде мыс шикізаты құрамындағы сирек кездесетін және басқа да қымбат металдарды өндіру жөнінде дербес жұмыс жүргізіп, ел экономикасына елеулі үлес қосып келеді.**



Жезқазған мыс қорыту зауытының технологиялық бір құрылымы ретінде 1975 жылы сирекметалдар цехы іске қосылған болатын. Мұнда алғашқыда шаю қышқылынан аммоний перренаты өндірілді. Ал, 1991 жылы бірінші рет рений қышқылы, 1992 жылы қорғасын суригі алынса, 1995 жылдың 15 мамырында әлемдік рынокта ең бағалы металл саналатын осмий-187 изотопының ұнтағын алғашқы рет алу ел өміріндегі елеулі оқиға ретінде бағаланды. Қазір сирекметалдар цехы «Жезқазғансирекмет» РМК-ның негізгі құрылымы болып табылады. Құрамында осмий, рений бар шикізат осы цехта өңделеді. Ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаев Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасын жасағанда Жезқазған өңірінің қойнауында мол мыс кенінен бөлек, сирек кездесетін түсті металдардың бай қоры бар екендігін ғылыми жолмен зерделеп бергені есте. Осының ішінде алтын, күміс бастаған сурьма, рений, осмий, селен, теллур сияқты бағалы металдарды айырып алу арқылы кен өндіруден түсетін пайданы әлденеше еселей түсуге болатынын болжаған екен. Бір ғажабы, ең қымбат металл саналатын осмий әлемнің бірен-саран жерін айтпағанда, Жезқазған кен жыныстарының құрамында ғана кездесетін көрінеді. Сирек металдар цехы мен кәсіпорнын бірталай жыл басқарып, ғылыми зерттеу жұмыстарының негізгі өзегі еткен техника ғылымдарының кандидаты, білікті металлург Төлеген Бүкіровтің осы бағалы металл жайлы айтқан бір түйінді сөзі есімнен кетпейді. «Ғалымдармен бірлесіп, үлкен ізденістің арқасында өмірге әкелген осмий – жаңа өнім, ғасыр металы деп атауға лайық. Ал, осы осмийдің негізгі қоры біздің өлкеде жатқанын екінің бірі біле бермейді. Ғалымдардың тұжырымдауынша бағалы металдың әлемдік қорының 90%-дан астамы Жезқазған кен қойнауларында түзілген. Бұл дегеніңіз – есепсіз байлық» деген болатын.

Міне, осмий, рений металдарын ел мүддесі үшін өндіріп отырған «Жезқазғансирекмет» мемлекеттік кәсіпорнының атқарар істері мен алдағы міндеттерінің қаншалықты ауқымды екенін осы пікірден-ақ аңғаруға болар. Негізінде бұл кәсіпорынды «осмий отаны» деп біледі жұрт. Әуелгі мақсатқа сай стратегиялық маңызы зор бағалы металдардың мемлекет мүддесіне қызмет етуін жолға қою жолында кәсіпорын талай «тар жол, тайғақ кешуден» өтіп келеді. Жеткен жетістіктері айтуға тұрарлықтай. Кәсіпорынның барлық өнімі экспортқа шығарылады. Өнімдері бүгінде әлемдік рынокта кеңінен белгілі. Сыртқы байланыстары қалыптасқан кейінгі 10-15 жылдағы мерейлі істерін атап өтсек болады. Кәсіпорын 2004 жылы Женевада өткен «Бизнестің жоғары сапасы үшін» Халықаралық бесінші форумына қатысып, қор хартиясы қол қойған алтын медальға ие болған еді. Сондай-ақ, 2006 жылдың қарашасында Еуропа Бизнес Ассамблеясының (Оксфорд, Ұлыбритания) номинациялық комитетінің «Еуропалық сапа» халықаралық алтын медалімен марапатталды. Мекеме символикасын тиісті іскерлік құжаттарға, өнімі мен жарлықтарына орналастыру құқығына ие болды. Екі жыл қатарынан — 2006 және 2007 жылдары Германияның Менеджмент Сервис компаниясы жүргізген бақылау аудитының талаптарынан шығып, сапа стандартының сертификатын алды. Сонымен қатар кәсіпорын «Қарағандыша сапа» конкурсына бірнеше рет қатысып, дипломат атанған. Астана қаласында өткен «Қазақстанның ең таңдаулы тауарлары» конкурс-көрмесіне қатысып, белсенділігі үшін Дипломы мен Алғыс хатын алса, 2010 жылдың қыркүйегінде Бельгиядағы «Нарықты зерттеу Еуропалық орталығымен» бірге Ресейдің «Өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлерінің Халықаралық конгресінің» ұсынысымен «Жезқазғансирекметке» Еуропаның таңдаулы кәсіпорны атағы берілді. Ал, 2017 жылы жаңа технологияларды енгізудегі жетістіктері мен шығарған өнімінің сапасына орай Францияда Еуропаның «Сапасы үшін» халықаралық жүлдесімен марапатталды.

– Жаңа технологияларды енгізуге ұдайы көңіл бөлінуде. Айталық, негізгі шикізатты өңдеу кезіндегі алынған өнімдерден ренийді қосымша ұнтақтау технологиясы енгізілген болатын. Кәсіпорынды дамытуға бөлінген республикалық грант есебінен өткен жылы зертхана жабдықтап, іске қостық. Біздің өнімдерімізге химиялық сараптама жасайтын мұндай зертхана елімізде жоқ. Халықаралық нарықтағы жұмысымыздың аясы кеңейе түсуде. Шикізат базасын кеңейту мақсатында кәсіпорын жоғары температураға төзімді никель балқымаларын жасайтын қондырғы алып, Еуропа елдерінен жеткізілетін ракета, самолет турбиналары сияқты металдарды өңдеу жолға қойылды. Рений гептасульфиді жөнінен Жапония компаниясымен келісім жасастық. Бүгінде кәсіпорында 134 адам еңбек етеді. Біз еңбеккерлердің әлеуметтік жағдайына көңіл бөліп, ұжымдық шарт негізінде материалдық қолдау көрсетіп отырамыз, – дейді «Жезқазғансирекмет» РМК директоры Нариман Абылқанов.

Бір сөзбен айтар болсақ, «Жезқазғансирекмет» – жоғары технология мен қазіргі ғылымға негізделген, болашағы өте зор өндіріс. Оның даму бағдары да мемлекеттің саясатымен өзектес болмақ. Мамандардың бағалауынша, мұндай сирек металдардың мемлекеттің экономикалық және қорғаныс қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызы зор. Мәселен, осмий-187 изотопы аэроғарыштық салада, зымыран жасауда қолданылады екен. Сондай-ақ, көптеген дәрілік препараттарды синтездеуде катализатор ретінде пайдаланылады. Ал, сульфидті кендерде кездесетін рений мұнай өңдеу өнеркәсібінде жоғары октанды бензин алуда кеңінен қолданыла бастаған. Міне, ғұлама ғалым Қаныш Имантайұлы «Қазақстанның інжу-маржаны» деп баға берген Жезқазған кенінің кереметі мен болашақ көкжиегі де осында болса керек.

**Амандық РАХҰЛЫ**
*Суретті түсірген автор*

# ЕМХАНА ЖАҢАРТЫЛДЫ

**Жезқазған, Сәтбаев қалаларын және Ұлытау ауданын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019-2022 жылдарға арналған кешенді жоспарының өзекті бағыттары айқындалып, нақтыланғаны туралы бұған дейін газетімізде жазылған болатын. Кешенді жоспарда денсаулық сақтау саласы бойынша да айтарлықтай жобалар қамтылып, Жезқазған қаласындағы аурухана қалашығын қалпына келтіру жұмыстары қолға алынған еді. Соның бірі — қалалық емхананы күрделі жөндеуден өткізу жобасы қазірде ойдағыдай жүзеге асырылды.**



Қалалық емхананың консультациялық-диагностикалық орталығын күрделі жөндеуден өткізуге 33 млн. 983 мың теңге қаржы бөлініп, мердігер ретінде «Наладочный центр Темиртау» ЖШС таңдалған екен. Мердігер ұйым өкілімен жоспарлаған жұмыстарды толықтай жүзеге асырып, соңғы қалған бірді-екілі шаруаны тиянақтау үстінде кездестік. Мердігердің учаске бастығы Рахат Зекенов белгіленген істердің кестеге сай атқарылғанын, енді қалған азын-аулақ жұмыстың төрт-бес күнде аяқталатынын мәлімдеді. Күрделі жөндеу барысында ең әуелі сыртқы қабырғаның құлаған жерлері сыланып, изовер материалымен жылыланған. Содан кейін сырты тұтастай металл-сайдингпен қапталыпты. Бұрынғы терезенің сыртындағы темір торлар алынып, орнына электр қуатымен ашылып-жабылатын қазіргі заманға лайықты ролл-перделер орнатылған. Айтарлықтай электр-монтаж жұмыстары атқарылыпты. Ішкі бөлмелері де кеңейтіліп, гардеробы жаңартылды. Мүгедек адамдарға арнайы дәретхана жабдықталған. Төбе, кіреберіс пен сатылары да жөнделіп, жаңаша кейіпке енді.

Осымен қатар «СПИД-тің алдын алу және күресу жөніндегі орталық» пен облыстық наркология диспансерінің бөлімшесі ғимараттарына да күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Аурухана қалашығының ішіндегі жолдар да жөнделіп, абаттандыру жұмыстары қатар атқарылуда. Жалпы аурухана қалашығын қалпына келтіру жұмыстарын үстіміздегі жылғы желтоқсан айында толық аяқтау жоспарланып отыр.

**Амандық РАХҰЛЫ**
*СУРЕТТЕ:* **Жаңартылған емхана орталығы.**
*Суретті түсірген автор.*

7-20-25

# БАСПАНА АЛУ МҮМКІНДІКТЕРІН ТАНЫСТЫРДЫ



**Қазіргі таңда тұрғындарды басты кезекте алаңдататын жайттың бірі – тұрғын үй мәселесі.**




Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Президенттің бес әлеуметтік бастамасы атты Қазақстан халқына үндеуінде бірінші кезекте халықтың баспанамен қамтылу мәселесіне кеңінен тоқталып: «Біз соңғы жылдары қазақстандықтардың баспана алу мүмкіндіктерін кеңейту үшін көп нәрсе жасадық. 2017 жылы 11,2 миллион шаршы метр тұрғын-үй пайдалануға берілді. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Дегенмен, оның өзі жеткіліксіз, әлі күнге дейін көптеген отбасы баспанасыз жүр. Бұл – айрықша әлеуметтік маңызы бар мәселе. Оның шешімін тұрғын-үй ипотекасының қалың көпшілікке жаппай қолжетімділігін арттыру арқылы табуға барлық жағдай жасау керек. Жұмыс істейтін әрбір адам несиеге пәтер сатып алып, оны отбасылық бюджетінің мүмкіндіктері аясында төлей алатындай болуы үшін арзан ресурстар ұсынатын тетіктер қажет. Сондықтан, мен «7-20-25» бағдарламасын ұсынамын», – деген еді.

Елбасының бастамасымен «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасының жалғасы ретінде «7-20-25» ипотекалық бағдарламасы іске қосылды. 2018 жылдан басталған бұл бағдарлама Қазақстанның көптеген өңірлерінде жұмыс жасағанымен, біздің қаламызда жүзеге асырылмаған еді. Айта кетерлік қуанышты жағдайдың бірі, енді «7-20-25» тұрғын үй бағдарламасы негізінде жезқазғандықтар да жаңа баспанаға қол жеткізе алатын болады. Қаламызда жаңа тұрғын үйлердің бой көтеруіне байланысты «7-20-25» ипотекалық негіздегі тұрғын үй бағдарламасы өз жұмысын бастады.

Осыған байланысты «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында халыққа «7-20-25» тұрғын үй бағдарламасы жайлы толығырақ түсіндіру мақсатында ашық есік күні өтті. Ашық есік күні партия эксперті Жанар Майханова, Жезқазған қалалық «Халық банкі» филиалы жеке кәсіпкерлік орталығының басшысы Жанна Тоқтамысова, «Центр Кредит» банкінің жеке тұлғалармен сауда-саттық бөлімінің аға офицері Фатима Атабаева, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» қаржы кеңесшілері Зиакүл Жұмашова және Айнұр Мақсұтова тұрғындар сауалына жауап берді.

– «7-20-25» бағдарламасы Ұлттық банктің қолдауымен жүзеге асып отыр. Бұл бағдарлама негізінде тұрғындар өзі алатын баспана бағасына сай белгіленген тәртіп бойынша алғашқы жарна төлеп, 25 жылға дейін ұзартылған мерзімге ипотекалық үй ала алады, – деді Жанна Тоқтамысова.

Ашық есік күні қаламыздың үш тұрғыны және Жанар Майханова алдын-ала жинақтаған тұрғындар жазбасына сәйкес баспана алу мәселесі бойынша сұрақтарына жауап алды және іс-шараға қатысушы әрбір банк өкілі тұрғындарға түрлі жеңілдіктер бойынша қарастырылған тұрғын үй бағдарламаларымен таныстырды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# КИЕЛІ НЫСАНДАР КЕЛБЕТІ





### БЕКТАУ АТА ТАУЫ және ҮҢГІРІ

Балқаш қаласының оңтүстік-шығысында 60 км жерде Әулиетау деп аталатын тау бар, жергілікті халық оны Бектау ата деп атайды. Тау желісі –табиғат әлемінің ерекше бір туындысы. Бектау атаның шыңы 1000 метрге дейін жетеді, ал ұзындығы 4000 га, алайда оның аумағында түрлі шатқалдар мен құздар орналасқан. Әулиетау деп аталуы – ертедегі ғұрыпта тауға сиынумен байланысты қойылса керек. Бектау ата шағын таулы массивті аймағы – географиялық-климаттық орны және тарихи даму ерекшеліктері тұрғысында ерекше мекен. Біріншіден, Бектау ата географиялық орналасуы мен табиғи-климаттық ерекшеліктеріне байланысты қазақ даласының үлкен екі табиғи-климаттық зонасы – Жетісу мен Сарыарқаның шектесетін айрық тұсы болса, екіншіден, тарихи-мәдени даму тұрғысында да осы екі өңірдің түйісер жері болып келеді. Сарыарқаның оңтүстік-шығыс қиыры болып саналатын осынау шағын алқапта Арқаның жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің – фаунасы мен флорасы барлық өкілдері мен түрлері кездеседі. Мұнда өсімдіктердің жүзге тарта түрі кең таралған, олардың 45-і сирек кездесетін болса, 8-і «Қызыл кітапқа» енгізілген. Сонымен қатар, Бектау ата тауында киелі саналатын тұщы су көзі бар «Әулие» үңгірі орналасқан. Сонымен бірге оның территориясында Сарыарқа тарихының көне кезеңдерін – қола, ерте темір дәуірлерінен бастап, ХХ ғасырдың бірінші ширегі – қазақтың этнографиялық кезеңінің аяқталу уақытына дейінгі кең тарихи диапазондық кеңістікті дәйектейтін археологиялық ескерткіштер шоғырланған. Халық аңызы бойынша, «Бектау ата және Беғазы деген екі әулие болған. Олар қашып келіп, осы тауды паналаған». Балқаш маңайын зерттеген ғалым П. Сарычев былайша жазады: «Бектауата – оңтүстік пен солтүстікті жалғастыратын нысана іспетті керуен жолдың бойында тұрған шамшырақ. Оның сүйір төбесі Балқаш көлінің оңтүстік жағалауынан көзге ілінеді. Көлдің астынан жарып шыққандай сұстиып тұрады және «бері тарт» дегендей ишарат береді. Сол таудың астында үлкен үңгір бар. Ол мөп-мөлдір тұщы суға толы. Су бетінің деңгейі әрдайым бірқалыпты: жоғары көтерілмейді, төмен түспейді. Осы таудың Бектау ата аталуы туралы халық арасында әр түрлі әңгімелер айтылып жүр. Қазан төңкерісінен кейін бүкіл елімізде картография жұмыстары жүргізілді. Жер аттарының біразы жергілікті халықтың атауларымен жазылды. Көптеген жер атаулары қазақша мағынасын ескере отырып орысшаға транскрипцияланды. Ал діни ұғыммен байланысты қойылған атаулар өзгеріске ұшырады. Кейбір ауызша деректер бойынша, картография жүргізілген кезде Әулие ата тарихын жақсы білген, оның аты өзгеретінін сезген бір қария (кей «тау» деп, «ата» сөзін қалдырған деседі. (Бек ұғымының өзі ерекше, тұлғалы деген мағынаны берсе керек. Таудың басқалардан өзгеше болып, маңғазданып тұруынан да айтылуы мүмкін). 1993 жылы «Ана тілі» баспасынан жарық көрген «Қазақ бақсы-балгерлері» атты кітаптың 43-бетінде: «...Бектау-ата Бек ата, Бекіш-ата, қолдай көр...» деген бақсы сарыны бар. Осындағы «Бектау-ата Бек ата», нақ осы әулие болуы әбден мүмкін. Бұл жағы әлі зерттелмеген. Бектау атадағы үлкен таудың күнбатыс жағында үңгір бар. Үңгірден төмен сайдың жадағай жазығында (үңгірден 200-300 м төменірек) әулие шошаласының орны қалған. «Бұл шошала осы ғасырдың басында да болған, тамақ ішетін ыдыс-аяқтары да қаз-қалпында тұратын», – дейді үлкендердің көзін көріп, сөзін естіген адамдар. Алайда, Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі жылдары Бектібек әулиенің мекендеген үңгірі, шошаласы адам көрместей мүсәпір күйге түсті. Шошаласы құлатылып, ыдыс-аяқтары жоғалды. Үңгірдің аузын үлкейтеміз деп геологтар көп әуреге түсті. Үңгірдің ішіндегі қасиетті шипалы суға неше түрлі күл-қоқыстар тасталып, ластанды. Бектібек әулиенің бейіті қайда екен деген сауал да көпшілікті толғандырып жүр. Бірақ, бұл сауал жұмбақ күйінде қалуда. Үңгірге барып түнеп, зиярат етіп жүргендердің айтуына қарағанда, әулие кейбір адамдарға дыбыс беріп түстерінде аян айтады екен. Түсінде аян бергенде жүзін көрсетпейді. Өте қасиетті адам болғандықтан, кез келгеннің көзіне көріне бермейді.

### КЕЙКІ БАТЫР КЕСЕНЕСІ



ҚР мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың араласуымен Кейкі батырдың бас сүйегі 2016 жылы Отанына қайта оралды және 2017 жылы Амангелді ауданындағы Тасты ауылының аумағында салынған кесенеге салтанатты түрде жерленді.



### ӘБДІҒАППАР ЖАНБОСЫНҰЛЫ КЕСЕНЕСІ

2010 жылдың жаз айында Әбдіғаппардың 130 жылдығына орай ұрпақтары өте көркті ақ мәрмәр кесене орнатты. Әбдіғаппар ханның мүрдесі осы жерде қызыл тамның ішіне жерленген. Қазақ халқының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күрескен, сол жолда құрбан болған ардақты азамат Әбдіғаппар хан Жанбосынұлын халық құрмет тұтады.

### ОҚЖЕТПЕС ШЫҢЫ

Оқжетпес Көкшетау қыратының ең биік жері Көкше жанында орналасқан. Төңірегінің табиғаты көрікті. Гранитті жартастан түзілген, беткейі тік, қарағай, қайың өседі. Әулиекөлдің тұнық айдынында тұрған Оқжетпес жартасы туралы ел ішінде көптеген аңыз-әңгімелер тараған. Шоқан Уәлиханов 15-тен аса аңыз-әңгіме жинақтаған. Сәкен Сейфуллин «Көкшетау» атты лирикалық поэмасында тұтқынға түскен қалмақ қызының қайғылы тағдырын Оқжетпес арқылы суреттейді.

Әулиекөл – (Бурабай көлі) жағасында орналасқан Оқжетпес тауы Бурабайдағы ең танымал жерлердің бірі. Биіктігі 300 метрдей ғана болса да, ол – оқ жетпейтіндей алып, әрі Әулиекөлдің сәні. Бұл тау жайында халық аузында көптеген аңыз әңгімелер айтылып жүреді. Осы аңыздардың біріне сүйенсек, зорлықпен үйленуге көнбеген тұтқын қыз осы таудың үстіне шығып, кімде-кім садағының оғын сол жерге тигізсе, соның жары болуға дайын екенін айтады. Таудың басына ешкімнің оғы жетпеген соң, біреудің күңі болып, не зорлықпен тұрмысқа берілетінін білген қыз таудан төмен секіріп, мерт болады. Қыздың құлаған жерінде Жұмбақтас пайда болады.



### КЕНЕСАРЫ ХАН ҮҢГІРІ

Кенесары үңгірі Бурабай көлінен оңтүстік-батысқа қарай 0,5 км жерде, Ақмола облысының Бурабай ауданында орналасқан. Үңгір Көкшетау қыратының гранитті сілемінің үгілуінен пайда болған және ол аласа шоқының үстінде жатыр. Үңгірге кіре берістегі қуыстың биіктігі 3 м-дей. Ол екі бөліктен тұрады. Оларды бір-бірімен тар қуыс жалғастырады. Екінші бөліктен сыртқа шығатын ауыз бар. Кенесары үңгірі – туристердің көп баратын орындардың бірі.

Патша үкіметінің 1822-1824 жылдары Орта жүз бен Кіші жүзде енгізген басқару ережелері қа¬зақ ұлтының дәстүрлі басқару және құқық жүйесін жойып, оның орнына округтік және шекаралық орыс басқару мекемелерін ашты. Келімсектер қазақ жерінің ең шұрайлы жерлерін тартып алып, оның әр өңіріне әскери бекіністерін сала бастады.

Ұлттық азаттықты аңсаған Кенесарының орыс бодандығына қарсы күресі 1837-1847 жылдары аралығында он жылға созылған.



### БЕСПАҚЫР КЕСЕНЕСІ

Беспақыр кесенесі – сәулет ескерткіші (XIX ғасырдың соңы). Ақмола облысының Қорғалжын ауданының Абай ауылынан шығыс-оңтүстік-шығысқа қарай 8,5 шақырым қашықтықта, Қорғалжын-Астана тасжолынан Абай ауылына бұрылыстан шығысқа қарай 11 шақырым жерде, ашық далада, ескі моланың қоршалған аумағында, Нұра өзенінің оң жағалауында орналасқан. Алғашқы рет 1987 жылы «ҚазЖоба қалпына келтіру» Республикалық мемлекеттік кәсіпорыны ғылыми-зерттеу және жобалау филиалының мамандарымен, кейіннен 2006 жылы «ҚазЖоба қалпына келтіру» Республикалық мемлекеттік кәсіпорыны ғылыми-зерттеу және жобалау филиалының Жиынтық бөлімімен (жетекшісі Г.Қамалова) зерттелген. Беспақыр кесенесі көлемі 30 х 22(23) х 10 см және 50 х 25 х 10 см шикі өңделген кірпіштен қаланған. Кіру есігі көлемі күмбезінің үстіңгі бөлігі опырылған, кіру аркасының жан-жағындағы қабырғада бұзылған жерлері бар. Күмбезді есігі бар саған түрінде орындалған мазардың өзгешіл түрін сипаттайды. Екі бөлмелі композиция көлденең осінде шығыстан батысқа қарай созылған. Шағын көлем пропорциялары қасбет қабырғаларының бірқалыпты формаларымен ерекшеленеді. Шығыс жағындағы аласа екі тірек аралығының доға тәрізді жабыны бар есік диаметрі 2,8 м сопақ бөлменің ішіне апарады, ал шығыңқы кірпіштен қаланған күмбезбен жабылған.

### АБЫЛАЙ ХАН АЛАҢЫ

Абылай хан алаңы — Көкшетау тауының етегінде орналасқан табиғаттың бірегей ескерткіші. Оның басты ерекшелігі — қайталанбас ми-



кроклиматы (күн сәулесінің ұзақтылығы, биологиялық белсенді ультракүлгін сәулелердің мол түсуі). «Абылай хан алаңы» аталатын табиғи көрінісі тамаша жерде ашылған мұражайдың аумағы 288 шаршы метрді құрайды. Онда қазақ ханы Абылайдың Ресей, Қытай, Бұхара хандықтарының елшілерін қабылдауы көрініс тапқан. Ұлы ханның қолбасшылығымен болған жорықта тарихта «Шаңды жорық» деген атаумен қалған оқиға барысы мұражайдың бір қабырғасына толығымен безендірілген. Ал дәл ортада Ұлы мемлекет қайраткерінің қолбасшылығымен сап түзеген сарбаздардың бейнесі негізінде «Әскери кеңес» атты мүсіндік композиция сомдалған. Осы мүсіндік композицияны айнала орнатылған бағаналарда хан Абылайға қатысты деректер топтамасы жазылған. Бұл шараның да Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен Қазақ хандығы дәуірінің тарихи жәдігерлерін сақтап қалу, қазақ тарихын көпшілікке таныту және туризмді дамыту мақсатында атқарылғанын атап өту керек.

### БОТАҒАЙ КЕСЕНЕСІ



Ботағай кесенесі (Ботоғай, Татағай) — XI-XII ғасырларға жататын сәулет өнерінің туындысы. Кесене Астана қаласының батысынан 120 шақырым жерде Ақмола облысы Қорғалжың ауданындағы Нұра өзенінің сол жақ жағалауында, Қорғалжың ауылынан 2,5 шақырым жерде орналасқан.

Ботағай кесенесі ерте замандардан келе жатқан бай тарихымыздың куәгері. Сонымен қатар бұл Қазақстандағы ортағасырлық жалғыз кесене. Ботағай кесенесі көптеген елдің айтуына қарағанда, Қазақстандағы сәулет-құрылыс өнерінің қайталанбас үлгісі болып табылады. XIX ғасыр ортасы кезінде кесене қалыпты жағдайда болған, кейіннен ескірген.

Алғаш рет XVIII ғасырдың ортасында П.Рычниковтың еңбектерінде аталады. XIX ғасырдан бастап Қазақстанның далалық аудандарын зерттеген түрлі зерттеушілермен, соның ішінде Г.Генс экспедициясымен 1815 жылы қаралған. Кесененің (сол кездегі орыс ақпарат көздерінде ғибадатхана деп аталған) бас қасбеті, жоспары және кескіні суреттелген алғашқы қысқаша сипаттамасы 1816 жылы И.Шангин экспедициясымен жасалған. Барлық зерттеушілер секілді, И.Шангин Ботағай кесенесін ерте замандағы Татығай (Бытығай) қаласының қалдықтары деп есептеген.

Бұл ескерткіш туралы мәліметтер Г.Спасскийдің (1818-1824), А.Шахматовтың (1831), А.Левшиннің (1832), И.Кастеньенің (1910), Л.Семеновтың (1930) жұмыстарында және Ш.Уәлихановтың (1855) еңбектерінде кездеседі.

1949 жылы Ботағай кесенесінің қалдықтары ғұлама ғалым Әлкей Марғұланның жетекшілігімен Қазақ КСР Ғылым академиясы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеген. Ә.Марғұлан Татығай (Тотығай, Ботағай) қаласын Нұра өзенінің сол жағалауындағы ірі төбелердің біреуінің орнында деп көрсетіп, Каталондық картада (1375) Нұра өзенінің сағасында белгіленген Ахсикент қаласына балаған. 1974 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясымен археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді.

### ҚАБАНБАЙ БАТЫР КЕСЕНЕСІ



Қаракерей Қабанбай батыр кесенесі қазақ, қазақ болғалы Отаны, Елі, Жері үшін Ту алып, майданға түскен барлық халық қаһармандарына – хандарымызға, билерімізге, жырауларымызға, батырларымызға, сарбаздар мен аламандарымызға, сол ұлы бабаларымыздың ұрпағын өсіріп, жолын тосқан, соңына біз секілді ата дәстүр, салт-санаға адал ұлдары мен қыздарын қалдырған барша аналарымызға қойылған ескерткіш. Қабанбай – қазақ батырларының көшін бастаушы тұлға, қазақтың бас батыры.

«Қаракерей Қабанбайдың есімі әрқашан қазақ елінің есінде. Әрі ұрпақ оны ұмытпауға, қадірлеуге міндетті. Елі бардың ері бар. Сонау Тарбағатайда тау мен тастың қиырында ата жауын қасқая қарсы алып, кеудесін оққа төсеп айқасып, еңкуеңку жер шалып, егеулі найза қолға алды. Жұртымен бірге қабырғасы қайысты. Қазақтың рухын биік ұстап, намысын жерге таптатпады. Халқы оны құрметтеп Қабанбай, Дарабоз, Хан батыры деп атады. Бұл қазақ әскерінің қолбасшысы, бас сардары Қабанбай еді». Ту көтеріп, ел қорғаған сүйікті батырына халық Ерасыл, Нарбала. Ізбасар, Қабанбай, Хан батыр, Дарабоз, Көкірек әулие деген есімдер берген. Ерасыл жездесінің қолында жылқыға көмектесіп, тазы жүгіртіп, серуен құрады. Күндер өте келе әлгі тауып алған сұр күшігі өте жүйрік, ізшіл, қыран ұстауға өте шебер болғандықтан тазы «Ізбасар» деп аталады. Ол күнде бір түлкінің құны бір бесті екен. Жылына отыз-қырық түлкі алып Ерасыл едәуір ауқаттанып қалады. Сонымен бірге, беделі өсіп, тұйғынның аты Ерасылға таңылып, оның есімі де «Ізбасар» болып аталады. Күн өте келе, Кейбібайдың Бекберді, Хамит, Мұса дейтін үш ұлы тазы жүгіртіп, Ерасылға алған түлкінді бізге байла деп жармасады, тіпті үшеулеп тартып алмақшы да болады. Бірақ үшеуі бірдей Ерасылдан таяқ жеп, онысын төреге де, төбеге де айтудан арланады. Мұны даладан көрген бір жылқышы Байдәулетке балдызың нағыз «Қабанның өзі екен, пәленбайдың үш баласын сабап, түлкісін тартып алды», – дейді… Осыдан барып Байдәулет балдызын қалжыңдап «Қабан» деп атап кетеді.

Бүгіндері Қаракерей Қабанбай батырдың кесенесі осы өңірдегі ең биік жотада асқақтап тұр, көне Ақмола – жаңа Астана ашық күндері алақандағыдай көрінеді.

Абылай ханның бас батырының бірі Қабанбай батыр өмірінің соңына дейін ат үстінен түспеген, қазақ жерінің әр пұшпағын жаудан босатуға қатысқан, бүкіл жорықтарда жүрген. Ол ата жау қалмақпен де, қазақ жеріне көз алартқан қырғыздармен де соғысып жеңіске жеткен.

### НАУАН ХАЗІРЕТ ЖЕРЛЕНГЕН ОРЫН



Наурызбай Таласов – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген, ислам дінінің Қазақстанның солтүстік өңіріне кеңінен жайылуына ықпал еткен атақты теолог-ғылым. Халық Науан хазірет деп танып, құрмет тұтқан имамның есімін Кеңес үкіметі кезеңінде ауызға алудың өзі мұң болатын. Наурызбай Таласов жөнінде Ә. Бөкейханов, М. Жұмабаев, М. Сердалин өз еңбектерінде үлкен ғалым, дана адам ретінде атап көрсетеді. Қазіргі ғалымдар арасында да Науан хазірет тұлғасына қызығушылық үлкен, зерттеушілер де ол туралы аз жазып жүрген жоқ. Наурызбай Таласов 1843 жылы Ақмола облысының Зеренді ауданына қарасты Баратай ауылында дүниеге келген. Ауыл мектебінен хат танығаннан Науанды әкесі Қызылжардағы медресеге береді. Қызылжар медресесін үздік бітіріп шыққан ол, сол кездегі Орта Азияда діни ғылым-білімнің орталығы саналатын Бұхар медресесіне оқуға жолдама алады. Оқуға жүрер алдында еліне келіп, Баратайға жақын, Бесқарай деген жерде мешіттің ашылуына түрткі болып, бірер жыл сонда имамдық қызмет атқарып, тұрақтап қалады. Оқуға деген құштарлық бойын жеңген Науан ақыры азын-аулақ қаржы жинап, білім іздеп Бұхараға кетіп бара жатқан керуенге ілеседі. Бұхара медресесінде табан аудармай 15 жыл оқыған Наурызбай хадис ілімімен қатар шығыстың бай әдебиетін, философиясын игеріп, көне түрік, парсы, араб, өзбек, татар тілдерін жетік меңгеріп шығады. Науанның қабілетіне риза болған медресе ғалымдары оны мұсылман ғылым-білім орталығы саналған Бағдатқа білімін жетілдіруге жіберіп, қайтып келгеннен кейін Бұхар медресесінде ұстаздыққа алып қалады. Осы жазбадан Науан хазіреттің Бұхардағы ұстаздық қызметінің ұзаққа созылмағанын, Солтүстік Қазақстанда мұсылмандықты уағыздайтын білімді имамның жоқтығын айтып, Көкшетау мұсылмандарының оны арнайы делегат жіберіп, Қазақстанға алдырғанын көреміз. Ал 1886 жылы көпшіліктің сұрауымен Науан хазірет Көкшетау мешітіне имам болып тағайындалады. Науан Хазірет тек ислам дінін уағыздаған молда ғана емес, халқының жанашыры, елінің мүддесі үшін құрылған ұлт-азаттық көтерілістің ұйымдастырушысы. Оның еткен еңбегі өткенге – ғибрат, бүгінге – үлгі.

### ҚҰМАЙ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КЕШЕНІ

Құмай археологиялық-этнографиялық кешеніндегі ескерткіштерді зерттеу 2009 жылы басталып, 2010-2011 жылға



дейін жалғасты. Мәдени мұра дамуының әртүрлі кезеңдеріне жататын қайталанбас жерлеу және ғұрыптық құрылыстардың сериялық үлгілері бір кеңістікте орналасқан. Қола дәуірінің құрылысы жүздеген жерлеу нышандарымен көрініс береді. Атап айтқанда, кейінгі темір дәуірінің қорғандарымен бірге орналасқан тас жәшіктері бар қоршау мен түрк және ортағасырлық дәуірдегі жерлеу конструкциялары орналасқан аталмыш аумақтан сақ дәуірінің дамуы кезеңіне жататын мүсін табылған. Түрк дәуіріне жататын культтік ескерткіштер ғұрыптық қоршаулармен көмкерілген. Құрылыстың шығыс жағына орналасқан барлығы 9 тас мүсіні бар 11 ғұрыптық қоршау түгелімен картаға түсірілген.

### ОЛЖАБАЙ ТӨЛЕБАЙҰЛЫ КЕСЕНЕСІ



Батыр Олжабай Төлебайұлы (1709-1785). Абылай ханның ту ұстаушысы болып жоңғарлармен қытайға қарсы соғыста көзге түскен. Абылай жоңғарлардың қолына тұтқынға түскенде, оны құтқаруда елеулі еңбек етті. Ол Түркістан медресесінде оқып. арабша, қалмақша жетік білген. Академик Ә.Марғұланның естеліктерінде Олжабайдың немере інісі Едіге бимен бірге 1762 жылы Екатерина II хат жазғаны атап көрсетілген. Хатта патшайымнан Ертістің шығыс жағындағы қалың орманнан жайылымдық жер сұрағаны айтылады. Олжабайдың өз қолымен жазып қалдырған қара кітабы болған. Онда соғыстар жайлы әңгімеленіп, Қазыбек би, Абылай, Бөгенбай есімдері жиі аталады.

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ



# ЖАТ СӨЗДЕРДІ ҚАЛАЙ ЖАҚЫН ТАРТА АЛАМЫЗ?

**Бүгінде латын графикасына көшуге байланысты терминдерді таңбалау, халықаралық атауларды дұрыс жазу мәселесі өзекті болып отыр. Бұл орайда өткен ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ зиялыларының еңбектерінің маңызы зор. 1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшаландыратын комиссия құрылады да, оны А.Байтұрсынұлы басқарады. Комиссия жат (өзге тілдік) сөздерді қабылдауда мына принциптерді басшылыққа алған: а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу; ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу; б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, Европа сөзін алу (Жолдыбаев М. Қазақ тілін байытамыз // Еңбекші қазақ. 12.VIII.1926).**

Бүгінгі таңда осы дереккөздердің қатарына Қытай қазақтарының тілін де алуға болады. Қытай қазақтарының тіліндегі көптеген атау қазіргі әдеби тілімізге берік орнығып келеді. Мәселен, компьютердегі «mouse» сөзінің баламасы («мышка») ретінде бастапқыда «тышқан» сөзі қолданылып келсе, кейін қандас бауырларымыздың тіліндегі «тінтуір» сөзі орнықты. Сондай-ақ, «балкон» сөзінің баламасы ретінде көпшілік күлкіге айналдырып жүрген «қылтима» атауының орнына (дұрысында, бұл атау ғылыми, үлкен сөздіктерде тіркелмеген) Қытай қазақтары «самалдық» сөзін пайдаланады.

Қазақстанда жекелеген аудармашылардың немқұрайлылығынан жаңсақ аударылып кеткен атаулар бар. Мәселен, «удостоверение личности» тіркесінің баламасы «жеке куәлік» түрінде алынып жүр. Дұрысында, «жеке куәлік» дегенді қазақ тіліне аударсақ, *личное удостоверение* болады. Дұрысында, жеке куәлік көп. Кез келген куәлік (жүргізуші куәлігі, т.б.) – иесіне ғана тиесілі, жеке құжаты, себебі онда аты-жөні жазылған, басқа адам пайдалана алмайды. Ал, «удостоверение личности» дегеніміз – Қазақстан Республикасының азаматы екенін танытатын, 16 жасқа толғаннан кейін ғана берілетін, адамның жеке басын куәландыратын құжат, паспорттың бір түрі. Паспорт екіге бөлінеді: ел ішінде қолданылатын және шет мемлекеттерге шыққанда қолданылатын құжат. Шетелге шыққанда қолданылатын құжат кез келген жаста беріле береді. Ал, ел ішінде қолданылатын құжат Қазақстан Республикасының азаматы 16 жасқа толғанда ғана беріледі. Осы орайда Қытай қазақтары «удостоверение личности» тіркесінің баламасы ретінде «азаматтық куәлік» деп қолданып жүр. Бұл балама құжаттың сипаттамасына дәлірек келеді. Алайда, «азаматтық» сөзінің орнына «азамат» деп қана алуға болады. Себебі қазақ тілінің табиғатына сәйкес зат есім басқа зат есімнің алдынан келгенде ешқандай қосымша жалғанбай-ақ анықтауыштық қызмет атқарады *(алтын сағат, ағаш қасық т.с.с.).* Оның үстіне «азамат» сөзін ер адамдарға ғана қатысты қолданып, әйел адамдарды «азаматша» деп атау да қазақ тілінің табиғатына жат. Қазақ тілінде **-ша/-ше** жұрнағы кішірейту мәнді қосымшаға жатады *(сандықша, көрпеше, қобдиша т.с.с.).* Тілімізде *ана, әйел, бәйбіше, қарындас, сіңлі, т.с.с.* әйел адамдарға ғана қатысты қолданыстар болғанмен, ол жалпылық сипат ала бермейді. Сол себепті *мәжіліс төрағасы, аға ғылыми қызметкер т.с.с.* тіркестер қалыптасқан. Осы тұрғыдан алғанда, «удостоверение личности» тіркесінің баламасы ретінде *«азамат куәлігі»* деп алсақ, тіліміздің табиғатына да сәйкес келер еді әрі құжатты дәл сипаттар еді. 16 жасқа толған жеткіншек бұл құжат қолына тиетін күнді асыға күтіп, бойын қуаныш кернеп, патриоттық сезімге бөленер еді. Латын әліпбиіне көшкен соң тіліміздегі қате қолданыстарды реттестіріп, жүйелеп алу қажеттігі даусыз. Елдігімізді танытатын, Қазақстан Республикасының азаматы екенімізді білдіретін құжаттағы қателіктерді жойып, терминдерімізді, жаңсақ түсініктерді реттестірудің орайы келді.

ХХ ғасырдың басында қазақ оқығандары арасында жат (шет) сөздерді қабылдауда екі түрлі ұстаным болған. Н.Төреқұлов, М.Қайыпназарұлы жат сөздерді «Өзге жұрт тілдерінде айтылуынша ешбір бұзбастан, айнытпастан алу керек. Кәзір Қырым, Әзербайжан сықылды өзге ұлт респәбликелері де солай алып жүр. Біз неге сүйтпейміз?» десе, Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Қ. Кемеңгерұлы сынды ғалымдар бұл ұстанымға үзілді-кесілді қарсы шығады. Х.Досмұхамедұлы «Жат сөздерді қолданғанда, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады… Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз деу – шатасқандық. Бұ жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді» десе, А.Байтұрсынұлы «Сәбитке жауап» деген мақаласында: «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар» дейді (Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана, 2017. – 740 б.).

1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының І съезінде термин мәселесін арнайы сөз еткен Елдес Омаров қазақ тілінде сөздің соңында **б, г, ғ, д** дыбыстары келмейтінін ескерте келіп, осы заңдылықты шет тілінен енген сөздер үшін де ұстану керектігін айтады (Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. – Алматы, 2005. – 144 б.).

Қазан, Орынбор қалаларына барып, халықаралық конференцияларда баяндама жасағанымызда орыс ғалымдары шет тілден енген сөздерді жүйелеу үшін осындай заңдылықтарды іздестіріп жүргендерін айтып, қазақ тілінде ХХ ғасырдың басында жасалған ұстанымдарға қайран қалып, қызығып еді. «Тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани код» ретінде ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектерін, тілтанымдық мұрасын әрдайым назарда ұстауымыз керек. Әсіресе, шеттен енген термин сөздерді қазақ тілінің заңдылықтарына бейімдеуде А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омаров, Қ.Кеменгерұлы сынды терминолог ғалымдардың ұстанымдарын басшылыққа алу қажет.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылғы 27 наурыздағы санында жарық көрген «Емле туралы» атты мақаласында А.Байтұрсынұлы сөз басына ереже жасауға болмайтынын, ондай емле қолайлы, оңай емле болмайтынын ескерткен болатын. Сондықтан шеттілдік термин сөздерді қазақ тіліне бейімдеген кезде А. Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың еңбектерінің негізінде қазақ тіліндегі нормаларды нақтылап алып, сол принциптерге бағындыру қажет.

Қазақ тілінде дыбыстардың тіркесуінде заңдылық бар:

– Екі дауысты дыбыс қатар келмейді;

– Сөз басында екі дауыссыз қатар келмейді;

– Сөз соңында үнді мен қатаң дыбыстардың тіркесі ғана *(қарт, ант, салт, сарт, шарт, қаңқ, саңқ, кент, серт және т.с.с.)* келеді. Мұндай дыбыстық тіркестерді Қ.Кемеңгерұлы «дауыссыз дифтонг» деп атаған еді (Стенографический отчет научно-орфографической конференции, созванной 2-4 июля 1929г. Научно-методическим Советом НКП и ЦКНТА. – Алматы, 1930. – 58с.). Басқа дыбыс тіркесі (қатаң мен қатаң, үнді мен үнді, қатаң мен үнді, ұяң мен ұяң т.с.с.) қазақ тіліне жат. Сондықтан шеттілден енген сөздердегі жат қолданыстарды қазақ тілінің заңдылығына бейімдеу керек. Яғни *съезд, подъезд, разъезд, т.с.с.* сөздердегі д әрпін түсіріп жазу керек. Қазіргі кезде поезд сөзі пойыз түрінде жазылып жүр (ХХ ғасырдың басында да солай жазылған). Сол сияқты **сс, лл,тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк, вт, фт** дыбыстарына біткен есім сөздердің соңғы әріптері түсіріліп жазылуы керек: *турист емес, турис, фантаст емес, фантас, грамм емес, грам т.с.с.* А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров т.с.с. ғалымдардың еңбектерінде термин сөздердің тұлғасын қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес дұрыс жазуда қосымша жалғап тексеру әдісі қолданылған. Ол әдісті қазіргі кезде де пайдалануға болады. **Сс, лл, тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк, вт, фт** дыбыстарына біткен есім сөздерге қосымша жалғанғанда да соңғы әріптері түсіп қалады: *кросс – кросқа, кросы, класс – класқа, кластар, класы, металл – металды, металы, грамм – грамға, грамдық, грамы, киловатт – киловатта, грипп – грипі, съезд – съезге, съезі, ведомость – ведомосқа, фармацевт – фармацевке, шрифт – шрифпен; сондай-ақ трест – треске, тресі; турист – туриске, турисі; утопист – утописке, утописі; фантаст – фантасқа, фантасы; фонетист – фонетиске, фонетисі; форпост – форпосқа, форпосы; футурист – футуриске, футурисі; чекист – чекиске, чекисі; экономист – экономиске, экономисі; юрист – юриске, юрисі т.с.с.*

– Екі қатаң дауыссызға біткен **(ск, ст, кс, кт, пт, фт)** сөздердің соңына **ы, і** дәнекер дыбыстарын қосып жазу керек. Себебі ол сөздерге қосымша **ы, і** дәнекер дыбыстары (әріптері) арқылы жалғанады: *объект+і+ге, объект+і+сі, киоск+і+ге, киоск+і+сі, киоск+і+лер, Омск+і+ден, Омск+і+ге, лифт+і+мен, факт+і+сі, факт+і+лер, рецепт+і+нің, рецепт+ті+ге, манускрипт+і+ге, моллюскіге, пактіні, тактіні, трактіге, фактісі,перфектіні, интеллектіге, инстинктіні, рецептіге, эвкалиптінің т.с.с.*

– Үнді және қатаң дауыссыздар тіркесіне **(нк, лк, мп, лт, льт, нс, рс, рт, рш, нт, рм, фр,** т.б.) біткен сөздерге қосымша **ы, і** дәнекерінсіз, буын үндестігі бойынша жалғанады: *финанс+қа, финанс+ы, аванс+ы (авансысы емес), цемент+ке, цемент+ті, фермент+тік, цифр+ға, цифр+ы (цифрысы емес); хлороформ+ға, хлороформ+нан, хлороформ+ы, фунт+қа, фунт+ы, формант+тар, формант+ы, банк+ке, автопарк+тен, пульт+ке т.с.с.* Себебі сөз соңындағы үнді мен қатаң дыбыстардың тіркесі қазақ тіліне жат емес.

– Қазақ тілінде сөз **б, г, ғ, д** дыбыстарына бітпейді. Сондықтан шеттен енген, осы дыбыстарға біткен сөздерді қазақ тілінің заңдылығына бағындыру керек. Ол туралы Қазақ білімпаздарының І съезінде Елдес Омаровта айтқан болатын (Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. – Алматы, 2005. – 144 б.). Қазақ тілінің жиілік сөздігіне сүйенер болсақ, шеттілден енген мұндай сөздер өте көп (Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2016. – 1472 б.).

Соған сәйкес:

– **аб** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(араб, архесиллаб, мазһаб, масштаб, штаб, хиджаб);*

– **об** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(гардероб, гидрофоб, микроб);*

– **уб** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(автоклуб, аэроклуб, бизнес-клуб, интернет-клуб, клуб, куб, мотоклуб, спорт-клуб, фитнесклуб);*

– **аг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(аншлаг, архипелаг, бактериофаг, детритофаг, рейхстаг, рычаг);*

– **орг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер **(комсорг);**

– **ург** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(драматург, жазушы-драматург, кардиохирург, кинодраматург, металлург, нейрохирург, хирург);*

– **фаг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(ксилофаг, макрофаг, олигофаг, сапрофаг, саркофаг, энтомофаг);*

– **яг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(варяг);*

– **ог** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(ағартушы-педагог, акушер-гинеколог, аналог, антрополог, археолог, астролог, бактериолог, барлаушы-геолог, биолог, бульдог, геолог, герцог, гидролог, гинеколог, гляциолог, косметолог, маркетолог, метеоролог, минеролог, мифолог т.с.с.);*

– **ад** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(бал-маскарад, жад, жиһад, лимонад, мармелад, рафинад, шоколад т.с.с.);*

– **айд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(слайд);*

– **ард** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(авангард, гепард, электркард);*

– **ед** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(швед);*

– **ейд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(рейд);*

– **еид** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(нуклеопротеид, протеид, хромопротеид);*

– **фуд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(фаст-фуд);*

– **юд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(фотоэтюд);*

– **ярд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(бильярд);*

– **ард** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(стюард);*

– **яд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(наряд);*

– **ряд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(авиаотряд, отряд, разряд, снаряд);*

– **ид** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(альдегид, антимонид, геноцид, гербицид, гибрид, диоксид, оксид, пластид, полигибрид, силицид, суицид т.с.с.);*

– **од** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(анод, бутерброд, взвод, диод, йод, катод, метод, электрод, эпизод т.с.с.);*

– **оид** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер *(астероид, гаплоид, дифтонгоид, коллоид, органоид т.с.с.);*

– **орд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздердегі *(аккорд, билборд, рекорд, сканворд, скейтборд, сноуборд)* **б, г, д** дыбыстарының орнына **п, к, т** әріптерін жазу керек. Себебі бұл сөздер ұяң дауыссыздарға біткенмен, оларға қосымша ұяң дыбыстан бастап жалғана алмайды, қатаң дыбыстан басталады: *арабқа, архесиллабты, мазһабта, масштабпен, штабтан, хиджабты т.с.с.* Сөз тұлғасын қосымша жалғау арқылы тексеру әдісі – А. Байтұрсынұлы бастаған ғалымдардың негізгі ұстанымдарының бірі. Бұл әдіс осы уақытқа дейін көп еленбегенмен, орфографиялық сөздіктерде, анықтағыштарда (Р.Сыздық «Қазақ тілінің анықтағышы». – Астана, 2000) ұяң дыбыстарға біткен сөздерге жалғанатын қосымшалардың қатаң дыбыспен басталатыны туралы айтылған. Күнделікті қолданысымызда да қатаң дыбыстан ғана бастаймыз. Соңғы ұяң дыбыстарды қазақ қатаң түрде ғана дыбыстай алады. Араб тілінен енген кітап сөзі **б** әрпіне біткен. Алайда қазақ тілінде ол сөздің соңында қатаң дыбыс **(п)** таңбаланып жүр. Одан қазақ тілінің заңдылығы бұзылып тұрған жоқ. Қажым Басымұлы еңбектерінде *араб* сөзі **арап** түрінде таңбаланған. Қазір араб түрінде жазылып жүр. Бұл – қазақ тілінің заңдылықтарына қайшы. Сол себепті тіліміздің заңдылықтарына сәйкес **б, г, д** дыбыстарына біткен сөздерде сөздің соңына **п, к, т** әріптерін жазу керек. Осыған байланысты **енд** *(бренд, дивиденд, стенд, тренд, фотостенд),* **онд** *(алюкобонд, генофонд, евробонд),* **унд** *(карборунд)* дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздерді де нт түрінде жазу керек.

– Шет тілден енген, **енг, инг, онг** дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздердің соңындағы нг дыбысының орнына қазақ тіліндегі ң дыбысын таңбалауға болады: *автопаркинг, агрохолдинг, аутбридинг, аутсорсинг, банкинг, бизнес-рейтинг, бизнес-тренинг, боулинг, брифинг, викинг, демпинг, допинг, импритинг, инбридинг, инжиниринг, карлинг, картинг, кастинг, кикбоксинг, кинг, клиринг, консалтинг, контроллинг, лизинг, маркетинг, митинг, мониторинг, пейджинг, порцинг, рейтинг, роуминг, ринг, семинар-тренинг, серфинг, скрининг, смокинг, спарринг, стайлинг, стерлинг, тренинг, фандрайзинг, франчайзинг, холдинг, хостинг, лозунг, бумеранг, ранг, фланг, сленг, гонг, дифтонг, полидифтонг т.с.с.* Себебі түпнұсқада **нг** – дыбыс тіркесі емес, **ң** дыбысы. Ол транскрипциядан да анық көрінеді: *сленг – slæŋ, дифтонг – ˈdɪf.θɒŋ, паркинг – ˈpɑː.kɪŋ, холдинг – ˈhəʊl.dɪŋ, банкинг – ˈbæŋ.kɪŋ, рейтинг – ˈreɪ.tɪŋ, тренинг – ˈtreɪnɪŋ, боулинг – ˈbəʊ.lɪŋ, брифинг – ˈbriː.fɪŋ, маркетинг – ˈmɑːkɪtɪŋ т.с.с.* Алайда орыс тілінде **ң** дыбысы болмағандықтан, **нг** тіркесімен берілген. Бұл сөздерді делдал тілдегі өзгеріске түскен қалпында емес, түпнұсқадағы қалпына жақын етіп алуға болады.

– Қазақ тілінде үнді мен қатаң тіркескенмен, керісінше, қатаң мен үнді қатар келе алмайды. Сондықтан шеттен енген сөздердегі тр-ға біткен сөздерде **т** мен **р** арасына **ы, і** дыбыстарын кіргізу керек: *тыйатыр, метір, т.б.*

– Шет тілден енген сөздердің бастапқы буындары езулік, соңғы буыны ериндік болып келген сөздерде (екпін түспесе) еріндікті бастапқы буындарға ауыстырып не мүлде жойып, езулікке айналдырып жазу керек: *автор – аптыр, директор – деректір, корректор – кәректір т.б.*

– Шеттен енген сөздердің соңындағы а дыбысы түсіріліп жазылуы керек: *аптека – аптек, фабрика – пабірік, награда – нграт, морфема – морфем, фонема – фонем, т.б.*

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде термин (пән сөзі) мәселесі турасында баяндама жасаған Е.Омаров: «Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де ішінде жат дыбыс бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді; сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танитұн бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Ол болмай, ойда жоқ бір керемет себептер болып, бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатұн болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды» деген еді (Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. – Алматы, 2005. – 144 б.).

Тіл тазалығына мән бермейтін немқұрайдылықтан, тілін білмегеніне арланбайтын намыссыздықтан сақтанудың, олардың алдын алудың бірден-бір жолы – ұлттық рухты ояту, ұлттық кодты сақтау. Латын графикасына көшуде өткенімізді таразылай отырып, ХХ ғасырдың басында қай дыбыс қалай игерілгені, қосар дыбыстарды таңбалаудағы ерекшеліктер, шет тілдік терминдердің жазылуы, таңбалауда қандай ұстанымдар басшылыққа алынғанын ескере отырып, тіліміздің заңдылықтарын бұзбауға тырысуымыз қажет.

**Орынай ЖҰБАЕВА,**
**Қарлығаш АЙДАРБЕК,**
**филология ғылымының докторлары**
*«Ана тілі» газеті*




# ОРЫС ТІЛІНДЕГІ ТҮРКИЗМДЕР

Қазақ тілі әлемде сөздік қоры мен сөздік құрамы, тіл байлығы бойынша араб, ағылшын тілдерінен кейін 3-орынға ие. Сөздік қорды көбейтуде басқа тілдерден енген сөздердің де алар орны ерекше. Біздің тілімізде де кірме сөздердің қатары аз емес. Кезінде тарихымыз бен тұрмысымыз тығыз байланыста болғандықтан, тіліміздегі кірме сөздердің көбі орыс тілінен енген. Мысалы біздің қолданыстағы «доға», «қамыт», «бишік», «жәшік» «самауыр», «бәтеңке», «әшмөшке», «бөтелке», «бөкебай», «жәрмеңке», «сот», «түрме», «бөлке», «жемпір» сияқты көп сөздер орыстың «дуга», «камут», «бичик», «ящик», «самовар», «ботинка», «восьмушка», «бутылка», «пуховой», «ярмарка», «суд», «тюрьма», «булка», «джемпер» сөздері негізінде пайда болған. Қазақ халқы бұл сөздерді тілімізге сай икемдеп алған.

Жалпы бұндай сөздер қай тілде де жетерлік. Ал енді орыс тіліндегі «стакан», «серьга», «казна» сөздеріне назар салып көріңіз. Осы сөздердің түпкі баламасы тіліміздегі «тостақан», «сырға», «қазына» сөздері екендігін білесіз бе? Қазақ тілі – түркі тілдері арасындағы ең бай тіл. Түркілік және славяндық мәдениеттердің араласуы арқылы халықтар арасындағы сөздік құрам да толығып, жаңарып отырды. Міне, түрлі тарихи дәуірлер тұсында славян халықтарының тілдік құрамына түркизмдердер де қарқынды енді. Бұл сол кезеңде славян халықтарының ішінде өздерін биік санайтын орыс халқының тілдік құрамын да барынша кеңейтті.

Лингвист ғалымдар тілдік байланыстарды зерттей келе түркі және орыс тілдерінен көп ұқсастық тапты. Осы тұста кім кімнің сөзін пайдаланған, бұл сөздердің негізгі иесі кім деген сұрақ туды. Осы сұрақ негізінде ғалымдар сонау XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттеу жүргізіп келеді. Бұл зерттеулер негізінде орыс тіліне ертеден сіңісіп кеткен көп сөз ішкі заңдылықтарға бағына өзгеріске ұшыраған түркі сөздері болып шықты.

Орыс тілінің сөздік қорына түркілерден енген сөздер нақты зерттелген еңбектердің бірі Н.Хусаиновтың – «Орыс тіліндегі түркі сөздерінің сөздігі». Бұл сөздікте орыс тіліне енген екі мыңға жуық түркі сөздері қамтылған. Осы



кітаптан бірнеше мысал келтірейік: орыстар «гоголь» деп «көкала үйректі» атайды (қазақша «көгіл»); деньги – тамға, яғни теңге; ералаш (беспорядок, путаница) – аралас; кабак (трактир) – қабақ, яғни шарап құятын ыдыс; калита (сумка) – қалта; кочевать – көшу; лощадь – алаша ат; маяк – байрақ, жалау, штандарт; мишень – нысан; сурок – суыр, тормоз – тұрмас, тоқтамас; туша – төс; уйма – үйме; урон – ойран.пикет); майыр (майор); солдат, жандарал (генерал); самауыр (самовар); кереует (кровать); бөкебай (пуховый); камыт (хомут); соқа (соха); шәйнек (чайнек); божы (вожжи); кір (гири), апай (апайка) (орта жастағы әйел, яғни «вообще немолодые женщины»), қалыңмал (калым, бұл сөзді ауыспалы мағынасында «пара, қосымша кіріс көзі» деп те қолданады).

Орыс тіліне түркілерден енген сөздер туралы орыс ғалымы Е. Н. Шипова зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ол өз еңбектерінде колчан – қылыш, баклажан – патлыджан, арбуз – қарбыз, сундук – сандық, казна – қазына, караул – қарауыл, очаг – ошақ, ярлык – жарлық, daraban – барабан, беркут – бүркіт, изюм – жүзім сөздерінің түп төркіні түркілерден енгендігі туралы жазды. Түркілік түсініктер славяндардың ауыз әдебиетіне де әсер еткен. Үш басты айдаһар да, «Өлмес Кощей де» – көшпенділер прототипі. «Кощей» сөзінің түркі тілдеріндегі «көшу, көшуші» деген сөздерден шыққандығын О.Сүлейменов жете зерттеп, оқырманға ұсынған болатын. Қазіргі орыс тілінде жиі қолданылатын «карандаш», «тюльпан», «колбаса», «шашлык», «хозяин», «таможня», «архар», «балбес» сөздері де түп төркінін түркілік мәдениеттен алады. Яғни, бұл сөздердің түп төркіні түркілік «қаратас», «тюрбан», «күлбасты», «қожайын», «тамға», «арқар», «білмес» сөздері негізінде қолданысқа енген.

Н.Хусаинов «Орыс тілінің түркі негіздерінің сөздігі» жинағында: «Ерте заманда арнайы тіл маманы (грамматист) түрк тілінен түрлі жолдармен славян тілін құрастырып шығарған», – дегенді алға тартады.

Қазіргі орыс зерттеушілері Г.Носковский мен А.Фоменко: «Түркі тілі біздің ата-бабаларымыздың қарапайым ежелден ауызекі тілде қолданатын тілі болған. Ал орыс тілі көбіне славяндық шіркеулерде қолданылған. Уақыт өте біздің халқымыз шіркеуге көп көңіл бөлді де, түркі тілінің орнын орыс тілі басты» деген пікірді айтады.

Кейінгі кездері М.Қашғаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегіне кең зерттеу жұмыстары жүргізілу нәтижесінде көптеген славян сөздерінің түркілерден енгені дәлелденуде.

Славян халықтарына тұрмысына әсер еткен түркілік мәдениет және олардың түркі сөздері арқылы қалыптасқан сөздік құрамы жайлы О.Сүлейменов өзінің «АЗ и Я» еңбегінде кеңінен тоқталады.

Түркі тілдерінің бай сөздік қоры күні бүгінге дейін әлем жұртшылығын таңқалдырудан танған емес. Керек десеңіз, біз сөз қозғап отырған «славян» сөзінің түп тамырын тұңғұс-шүршіт тілдерінен шыққан. Славян халықтарының тілдеріне, соның ішінде орыс тіліне, қаз-қалпында және түрлі лексика-семантикалық өзгерістерге ұшырап енген түркі сөздері күні бүгінге дейін құнын жоғалтқан жоқ. Бұл сөздердің қатарында қазақ тілінен енген жауһар сөздер де биіктен орын алады. Тереңіне одан әрі де сүңгісек, бұдан көп мәліметтер табылары сөзсіз. Бұл – ендігі тіл мамандарының мойнына артылар маңызды міндеттердің бірі.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

**Өткен аптада ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің кеңейтілген кеңесі өтіп, онда агенттік төрағасы Анар Жаилғанова мемлекеттік қызмет саласын жетілдіру жөніндегі бастамалар туралы айтып берді.**

# КАДРЛЫҚ САЯСАТТА ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛАДЫ

***Агенттік мемлекеттік органдарда қызметшілердің еңбегі бойынша жылжуын қатаң қадағалайтын болады***

Өткен жылдың статистикасы жоғары тұрған лауазымдарға орналасуға арналған ішкі конкурстарда мемлекеттік қызметшілердің белсенділігінің төмендігін көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасы Анар Жаилғанова Агенттіктің кеңейтілген кеңесінде сөз сөйлеу барысында аталған жағдайдың себебінің бірі – адамдардың осы байқаулардағы іріктеудің әділдігіне сенімсіздігінен туындап отырғандығын атап өтті.

– Жеткілікті құқықтық реттемелеуге қарамастан, меритократия қағидаттары іс жүзінде толық көлемде сақталмауда. Жергілікті жерлердегі ахуалға, егжей-тегжейлі талдау жасауды және аталған тәжірибені жою бойынша пәрменді қабылдауды сұраймын. Қазақстандықтар меритократия қағидаттарының шын мәнінде жұмыс жасайтындығын көруі керек, – деді ол.

Осы мәселені шешу ретінде «E-kyzmet» жүйесі арқылы кадрлық тағайындауларға мониторинг жүргізу ұсынылды. Бұл үшін осы жүйені мемлекеттік органдарда ықпалдастыруды аяқтау және оны жетілдіру қажет, бұл кадрлық тағайындауларға толық мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Яғни, жүйе тағайындаудың барлық процестерін «қадағалауға» және заңсыз кадрлық шешімдер қабылдауы, біліктілік талаптары, командалық жылжулармен манипуляциялар жүргізуге мүмкіндік бермеуі тиіс.

Анар Жаилғанова барлық жеке құрамға меритократия қағидатын сақтау, кадрлық ауысулардың ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету агенттіктің негізгі міндеттерінің бірі екендігін еске салды.

***Мемлекеттік қызметшілер БАҚ пен әлеуметтік желілердегі резонанстық жарияланымдарға дұрыс жауап беруі керек***

Кеңейтілген жиынның күн тәртібінде мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен тиімді және сапалы өзара іс-қимылының өзекті мәселесі айтылды.

– Президенттің Үкіметтің кеңейтілген отырысында айтылған тапсырмасын орындау үшін мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен өзара іс-қимыл жасау дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлу, оларды Мемлекеттік басқару академиясының базасында БАҚ-тағы, әлеуметтік желілердегі резонанстық жарияланымдарға дұрыс әрекет ете білуге үйретуді қамтамасыз ету қажет, – деді ведомство басшысы.

Академияға бірінші кезекте жергілікті атқарушы органдардың басшы қызметкерлері үшін осындай дағдыларды оқыту бағдарламаларын әзірлеу



тапсырылды.

– Мемлекет басшысы Шетелдік инвесторлар кеңесінің отырысында білім беру жүйесі экономиканың бір бөлігі болып табылатындығын атап өтті. Әрбір мемлекеттік қызметшінің біліктілігі, халықпен және халықтың мүддесі үшін жұмыс жасау қабілеті мемлекеттік аппарат пен қоғам арасындағы сенімді қарым-қатынас құрудағы жүйе құраушы элемент болады, – деді А.Жаилғанова.

Анар Жаилғанова өз сөзінде мемлекеттік органдарға жүгінген кездегі азаматтардың мүдделері мен құқықтарын қорғауға ерекше назар аударды.

– Бүгінгі таңда агенттікке келіп түскен өтініштер санының өсуі байқалады, бұл халықтың біздің жұмысымызға деген сенімінің көрсеткіші болып табылады. Осы ретте, біз олардың сапалы және уақытылы қаралуын қамтамасыз етуге міндеттіміз. Әрбір шағым жан-жақты зерделеніп, қисынды аяқталуға тиіс, – деді агенттік төрағасы.

Анар Жаилғанова өтініштерді сапасыз қарау фактілері талданып, кінәлілерге қатысты елеулі шаралар қабылданатындығын ескертті.

***Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік пакеті күшейтіледі***

Нарықтық экономикадағы мемлекеттік қызметтегі адамдардың тартымдылығы мен кәсібилігін арттыру мақсатында мемлекеттік қызметшілерді қолдау тұрғысында кешенді шара қабылдау қажет.

– Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей оңтайландырылған әлеуметтік жеңілдік пакеттері мен кепілдіктері мемлекеттік қызметке жоғары санаттағы мамандарды тарту деңгейін арттырады, – деп атап өтті төраға.

А.Жаилғанова агенттікке тиесілі аумақтық бөлімшелердің басшыларына жергілікті орындардағы мемлекеттік қызметшілерді қанағаттандыру деңгейіне талдау жүргізіп, бір айдың көлемінде аймақтардың қажеттілігі мен өтініштерін ескере отыра соңғы ұсыныстарды енгізуді тапсырды.

Мемлекеттік қызметшілерді қолдау мақсатында кешенді шараларды әзірлеу Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Игілік баршаға! Сабақтастық. Әділдік.Өрлеу» сайлауалды бағдарламасы мен «Бірге» жалпыұлттық акциясында қарастырылған.

***Президенттің кадрлық резервіне кімдер қосыла алады?***

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің кеңейтілген кеңесінде агенттік төрағасы Анар Жаилғанова елімізде Президенттік кадрлық резервті қалыптастыру туралы айтты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Игілік баршаға! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» сайлауалды бағдарламасында шешім қабылдауға және түрлі жағдайлар мен трендтерге тез бейімделуге қабілетті «жаңа формация» басшыларының басқарушы құрамын жаңарту қажеттілігі туралы жариялады.

А.ж. 15 шілдеде үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы мемлекеттік органдардың тиімділік көрсеткіштері көбінесе қоғам пікірімен үйлеспей жататынын атап өтті.

А.Жаилғанованың айтуынша, Президенттік кадрлық резерв келешегі кемел жастар үшін әлеуметтік жедел саты болып жаңа формация басшыларының дереккөзіне айналуы тиіс. Сондықтан, жобаның ауқымын ескере отырып, іріктеудің әр кезеңінде объективтілік, сапа және ашықтық үрдісі қамтамасыз етілуі қажет.

Резервке кіретін тұлғалар саяси және жоғары әкімшілік басқарушы, сондай-ақ, ұлттық холдингтер мен компаниялардың басшылық лауазымдарына тағайындалатыны белгіленді.

Іріктеу механизмі клиентке бағдарлану тұрғысынан пысықталған.

Іріктеуде жоғары білімі бар жас қазақстандықтар, сонымен қатар, шетелдегі отандастар да қатыса алады.

Сонымен бірге, іріктеуге Президент тағайындайтын саяси мемлекеттік қызметшілер қатыса алмайды.

Резервке қабылданғаннан кейін оларды Президент жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы мен Назарбаев Университеті базасында оқыту жоспарлануда.

# МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ӘРДАЙЫМ СІЗБЕН БІРГЕ

DIGITAL KAZAKHSTAN

Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқан сәттен бастап-ақ өмірінің алғашқы күндері мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен тағдыры тоғысады екен ғой. Бұлай дейтін себебіміз, сәби дүниеге келгеннен-ақ ата-анасы бала тууды тіркеу, бала туғанда берілетін және бала күтімі бойынша жәрдемақыларды тағайындау, мектепке дейінгі балалар ұйымдарына балаларды кезекке қою деген сияқты алуан түрлі мемлекеттік қызмет түрлерін алып, тиісті құжаттарын ресімдейді.

Бүгінгі таңда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында «Мемлекет – азаматтарға» қағидаты негізінде, яғни азамат емес, мемлекет, азаматтардың қажеттіліктерін алдын-ала түсініп, мекемелерге олардың баруының қажеттілігінсіз мемлекеттік қызметтер көрсету үшін олармен байланысатын, басқарудың жаңа моделі іске асырылуда.

Себебі, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың негізгі бағытының бірі – «Цифрлық мемлекетке көшу», яғни тұрғындардың қажеттіліктерін күні бұрын біліп халыққа қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын түрлендіру болып табылады.

Бұл ретте, кез келген уақытта, кез келген орында және кез келген құрылғыда (байланыс орталығы, веб-портал, зияткерлік мессенджерлер, мобильді қосымшалар, SMS-хабарламалар) ақпарат пен қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған бірыңғай қызмет көрсету моделін іске асыру үшін шашыраңқы ақпараттық жүйелер мен арналарды біріктіру жүргізілуде.

Бұған жарқын мысал ретінде, қызмет алушының тікелей мемлекеттік мекемелерге баруынсыз, қатысуынсыз көрсетілетін «Бала туу» проактивті қызметін айтпасқа болмайды.

Бұл проактивті қызмет арқылы ата-ана жаңа туған нәрестеге ат бере алады, туу туралы куәлікке өтінім бере алады, балабақшаға кезекке қоя алады, біржолғы төлем сомасын біле алады, тұрғылықты жері бойынша тіркей алады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер аясында мемлекеттік қызметшілердің тұрғындармен тікелей қарым-қатынасын азайтуға қол жеткізу және 2019 жылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 80 пайызы, ал 2020 жылы кемінде 90 пайызы электронды форматқа көшірілу қажеттігі тапсырылған.

Межелеп қойған мақсатқа жету жолында мемлекеттік органдар тарапынан бірқатар жедел шаралар қабылдануда. Атап айтсақ, оның бір мысалы қолданысқа енген композиттік қызметтер, яғни бір өтініш негізінде электрондық нысанда көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтердің жиынтығы.

Қазіргі уақытта осындай нысанда оннан астам композиттік қызметтер тұрғындарға қолжетімді.

Бұған қоса, Telegram мессенджері түрлі онлайн-қызметтерді алу үшін ыңғайлы арнаға айналды.

2018 жылғы мамыр айында @ EgovKzBot – электрондық үкімет порталы боты іске қосылды. Бүгінгі күні бот арқылы мекенжай анықтамасы, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы, жылжымайтын мүліктің болуы немесе болмауы туралы, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы, наркологиялық, психоневрологиялық, туберкулез диспансерінен анықтамалар алу сияқты тағы да басқа отызға жуық қызметтер мен сервистерді алу мүмкіндігі бар.

Қазіргі цифрлық даму ғасырында аққан жұлдыздай сырғып бара жатқан адамзаттың ең басты құнды валютасы болып уақыт саналады.

Осындай жеделдік пен шапшаңдықты талап ететін дәуірде, «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» деген халық даналығын ескере отырып, көштен қалмай үрдіске ілескен жөн демекпіз.

Сондықтан да, «Өзіңнен баста» ұстанымын негізге ала отырып, өзіңіздің алтын уақыттарыңызды үнемдеу мақсатында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді мейлінше «электрондық үкімет порталы», мобильді қосымшалар және мессенджерлер арқылы алуға шақырамыз.

**Жансерік ЖҮНІС,**
**мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департамент басшысы, Әдеп кеңесінің төрағасы Жандос Шералыұлы Сәрсенов мемлекеттік қызметке орналасу және өткеру, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша «Facebook Messenger» жүйесі арқылы онлайн-режимде (бейнеқоңырау арқылы) азаматтарды қабылдау жүргізеді. Азаматтарды қабылдау апта сайын **дүйсенбі** және **бейсенбі** күндері сағат **16:00-ден 17:30-ға** дейін жүзеге асырылады.

### ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| № | Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы | Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның аты-жөні | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Байланыс ақпараты | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Департамент басшысы – Әдеп кеңесінің төрағасы | Сәрсенов Жандос Шералыұлы | Апта сайын дүйсенбі және бейсенбі күндері сағат 16.00-17.30 аралығында | 8 (7212) 25-04-50 | Қабылдауға алдын ала жазылу үшін келесі телефон нөміріне хабарласу қажет 8 (7212) 50-33-83 |

# ПАЙҒАМБАРЛАР ДА КӘСІП ҚЫЛҒАН

**Кәсіпсіз пайғамбар болмаған. Адам – егінші, Нұх – ағаш ұстасы, Идрис – тігінші, Дәуіт – темірші, Мұса – қойшы, Ибраһим – саудагер, Исмаил – аңшы, Зәкария – балташы болған. Баршасына Алланың игілігі мен сәлемі болғай!**

Ардақты пайғамбарымыз да (с.ғ.с.) қой баққан, сосын саудамен айналысқан. Хадисте: «Алла жіберген пайғамбарлардың қой бақпағаны болмаған. Сахабалар: Сіз де ме?, – деп сұрағанда пайғамбарымыз (с.ғ.с.): Иә, Мекке жұртының қойын тиін-тебенге бағатын едім[1]», – деген.

Әнас ибн Мәлік (р.а.) риуаятында: «Қиямет күні туып, қолдарыңда көшет ұстап тұрсаңдар, сол көшетті отырғызатындай мұршасы болса отырғызыңдар. Сол жұмысы үшін оған сауап бар[2]», – делінген.

Сахабалар құлшылық еткенде олардың бұл дүниемен еш шаруасы жоқ сияқты көрінетін. Ал, жұмыс істеп, еңбек етсе мына жалғанға жан-тәнімен берілгендей түйілетін. Өйткені, екі дүниенің ісін де тиянақты орындайтын.

Ислам – тепе-теңдік діні. Толықтай барлық жағынан. Рух материалдық игіліктер кеңістігін тарылтпайды. Материалдық мүдде де руханият есебінен өз мақсатын жүзеге асырмайды. Осылайша ислам дүние тіршілігі мен ақырет мақсатын бір қалыпты тепе-теңдікте үйлесімділікпен ұстайды. Бірі екіншісінің есебінен күнелтпейді.

Хадистер ішінде еңбек ету, мамандық меңгеру жайлы арнайы




топтама бар. Ибн Масғұдтан (р.а.): «Адал табыс табу – парыздан кейінгі парыз[3]», – деген риуаят жеткізген.

Бес уақыт намаз, ораза, қажылық және зекет мұсылманға парыз болғаны сияқты адал ризық табу үшін еңбек ету де – парызы.

Мұсылман кәсіп иесі болуға міндетті. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) күн ұзақ мешіттен шықпайтын біреуді байқайды. Намаз уақытынан кейін де отыратын көрінеді. Сонда оған:

– Сені кім асырайды? Немен күнелтесің?, – деп қалай нәпақа тауып жүргенін сұрайды.

Ол:

– Бауырым асырайды, – дейді.

Сонда пайғамбарымыз (с.ғ.с.):

– Бауырың саған қарағанда діндар екен, – дейді.

Табиғин Әбу Сулейман Дарани:

– Сен сап түзеп намаз оқып, ал біреу сені қамтамасыз ету үшін шаршауы бізде құлшылық боп саналмайды. Сен әуелі азығыңды табумен айналыс, сосын құлшылық жаса, – деген екен.

Расында, жайбарақат намаз оқу үшін ой тыныштығы маңызды. Жұмыс жоқ болса, тыныштық қайдан болсын? Сонымен қатар, Әбу Һурайра (р.а.): «Намаз да, садақа да және қажылық та кәфарат болмайтын күнәлар бар. Ондай күнәға бала-шаға бағу қамын қарастыру кәфарат[4]», – деген риуаят жеткізген.

Еңбек ету – парыз. Өйткені, парызға апаратын себеп те парыз. Сол сияқты харамға жетелейтін амал да харам. Риуаятта: «Кісі асырауына мұқтаждарды қараусыз қалдыруы күнә ретінде жеткілікті[5]», – делінген.

Демек, осы мағыналас хадистер асыл дініміздің құлшылық пен еңбекті қатар насихаттайтынын көрсетеді. Мұсылман еңбекқор болуы тиіс. Материалдық тұрғыда тәуелділіктен құтылу жолын іздестіруі тиіс. Тіршілік пен құлшылықты қатар алып жүру қажет. Намазы жұмысына кедергі болмауы керек. Керісінше, құлшылығы мен тіршілігі бірін-бірі толықтырып тұруы тиіс.

Сонымен бірге, табысы адал болуы шарт. Намаз, ораза, зекеттің мұраты – тәрбие. Мұсылманды салауатты, жанашыр әрі жақсылыққа жаны құмар етіп қалыптастыру. Мұсылман қайыршылықпен емес, қайырымдылықпен айналысу керек. Бұл мұсылманның басты мақсатының бірі болса игі. Әлеуметтік маңызды жобалар бас-қасынан табылуға әрекет ет. Алла құп көретін игі істерді жүзеге асыруды ниет ет. Бұл мақсат көбінесе тер төгіп тапқан қаражат арқылы жүзеге асады.

Міне, Құран Кәрім осыны айтады. Аятта: «…Сондай-ақ жақсы амал оны көтереді…[6]», – делінген.

Абдурахман бин Ауф (р.а.): «Мал-дәулет неткен жақсы. Дүниемен ар-намысымды қорғаймын әрі Раббыма жақындаймын», – деген сөзі жоғарыдағы аяттың мағынасын ашады. Сахаба Абдурахман бин Ауф өте дәулеті кісі болған. Соған жараса ерекше жомарт еді.

*[1] Бұхари*
*[2] Баззар*
*[3] Табарани*
*[4] Табарани*
*[5] Хаким, Насаи*
*[6] Фатыр сүресі, 10-аят*

**Руслан ҚАМБАР**
*kazislam.kz*










# ТАМЫЗ АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

*(Жезқазған уақыты бойынша)*

| | Апта күні | Таң | Күн | Бесін | Екінті | Шам | Құптан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бейсенбі | 04:16 | 06:02 | 13:39 | 18:51 | 21:08 | 22:55 |
| **2** | **Жұма** | **04:18** | **06:04** | **13:39** | **18:50** | **21:07** | **22:52** |
| 3 | Сенбі | 04:20 | 06:05 | 13:38 | 18:49 | 21:05 | 22:50 |
| 4 | Жексенбі | 04:22 | 06:06 | 13:38 | 18:48 | 21:04 | 22:48 |
| 5 | Дүйсенбі | 04:24 | 06:08 | 13:38 | 18:47 | 21:02 | 22:46 |
| 6 | Сейсенбі | 04:26 | 06:09 | 13:38 | 18:46 | 21:01 | 22:43 |
| 7 | Сәрсенбі | 04:28 | 06:10 | 13:38 | 18:45 | 20:59 | 22:41 |
| 8 | Бейсенбі | 04:30 | 06:11 | 13:38 | 18:44 | 20:58 | 22:39 |
| **9** | **Жұма** | **04:32** | **06:13** | **13:38** | **18:43** | **20:56** | **22:37** |
| 10 | Сенбі | 04:34 | 06:14 | 13:38 | 18:42 | 20:54 | 22:34 |
| 11 | Жексенбі | 04:36 | 06:15 | 13:37 | 18:41 | 20:53 | 22:32 |
| 12 | Дүйсенбі | 04:38 | 06:17 | 13:37 | 18:40 | 20:51 | 22:30 |
| 13 | Сейсенбі | 04:40 | 06:18 | 13:37 | 18:38 | 20:49 | 22:27 |
| 14 | Сәрсенбі | 04:42 | 06:19 | 13:37 | 18:37 | 20:48 | 22:25 |
| 15 | Бейсенбі | 04:44 | 06:21 | 13:37 | 18:36 | 20:46 | 22:23 |
| **16** | **Жұма** | **04:46** | **06:22** | **13:37** | **18:35** | **20:44** | **22:20** |
| 17 | Сенбі | 04:48 | 06:23 | 13:36 | 18:34 | 20:43 | 22:18 |
| 18 | Жексенбі | 04:49 | 06:25 | 13:36 | 18:32 | 20:41 | 22:16 |
| 19 | Дүйсенбі | 04:51 | 06:26 | 13:36 | 18:31 | 20:39 | 22:13 |
| 20 | Сейсенбі | 04:53 | 06:28 | 13:36 | 18:30 | 20:37 | 22:11 |
| 21 | Сәрсенбі | 04:55 | 06:29 | 13:35 | 18:28 | 20:35 | 22:09 |
| 22 | Бейсенбі | 04:57 | 06:30 | 13:35 | 18:27 | 20:33 | 22:06 |
| **23** | **Жұма** | **04:59** | **06:32** | **13:35** | **18:26** | **20:32** | **22:04** |
| 24 | Сенбі | 05:01 | 06:33 | 13:35 | 18:24 | 20:30 | 22:02 |
| 25 | Жексенбі | 05:03 | 06:34 | 13:34 | 18:23 | 20:28 | 21:59 |
| 26 | Дүйсенбі | 05:04 | 06:36 | 13:34 | 18:22 | 20:26 | 21:57 |
| 27 | Сейсенбі | 05:06 | 06:37 | 13:34 | 18:20 | 20:24 | 21:54 |
| 28 | Сәрсенбі | 05:08 | 06:38 | 13:34 | 18:19 | 20:22 | 21:52 |
| 29 | Бейсенбі | 05:10 | 06:40 | 13:33 | 18:17 | 20:20 | 21:50 |
| **30** | **Жұма** | **05:12** | **06:41** | **13:33** | **18:16** | **20:18** | **21:47** |
| 31 | Сенбі | 05:13 | 06:42 | 13:33 | 18:14 | 20:16 | 21:45 |

**Жезқазған аймақтық Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.**

БРИФИНГ

# ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

**Жезқазған қалалық соты 2019 жылдың бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша жергілікті БАҚ өкілдерін жинап, брифинг өткізді. Алты айда қаралған істер жөнінде қысқаша есеп беріп, тілшілердің сұрағына жауап беру қалалық соттың судьясы Қабылда Қадыровқа жүктелді.**



Есептік кезеңде қалалық соттың қарауына азаматтық істер бойынша 1932 өтініш түссе, 1253 әкімшілік істің 1196-сы аяқталған. Сондай-ақ, 135 қылмыстық іс қаралған. Бұл көрсеткіштер өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда анағұрлым төмен. Оның себебін Қабылда Қадыров бүгінгі таңда еліміздің сот жүйесін жетілдіру мен жаңғырту бағытында жүзеге асып жатқан реформалармен байланыстырды.

– Соңғы жылдары Елбасының Ұлт Жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы шеңберінде сот жүйесінде бірқатар оң өзгерістер орын алғаны белгілі. Бұл өз кезегінде еліміздегі сот қызметінің беделін көтеруге, судьялардың қызметіне деген халықтың сенімін арттыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, сот жүйесінің халыққа қолжетімділігі артып, сот инстанциялары азайып, қазір үш сатыдан ғана тұрады. Жыл басынан сот жүктемесін оңтайландыру мақсатында заңға бірнеше өзгертулер мен толықтырулар енген болатын. Соның нәтижесінде, нотариустардың қызметіне басымдық берілді. Осылайша, сотта қаралатын азаматтық істердің біразы қысқарып отыр. Бұл соттардың жүктемесін азайтып, сапаның артуына жол берді, – деген судья 2011 жылдан бері енген дауларды медиация тәртібімен шешудің тиімді тұстарына тоқталып өтті.

– Азаттық істерді қарау кезінде медиация тәртібімен 88 іс қаралып, өз шешімін тапса, 33 қылмыстық іс тараптардың келісімге келуі нәтижесінде тоқтатылған. Қазіргі таңда қалалық сотта кәсіби медиатормен қатар судья-медиатор бар. Судья-медиатор Жастілек Кишенов дауласушы тараптарды бір мәмілеге келтіріп, істі сотқа жеткізбей шешу бойынша қызмет атқарады. Медиация тәртібі тараптардың уақытын ғана емес, сонымен қатар қаржысын да үнемдеуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда көбінесе мүлікті бөлу, туған-туыс пен көршілер арасындағы дау-дамайлар осы тәртіппен шешілуде, – деді.

Соттың көмегіне жүгінетін жезқазғандықтардың дені ажырасуға бел буғандар болса, қылмыстық істер бойынша ұрлық пен тонаудың, есірткі заттарын сату мен сақтаудың көрсеткіші жоғары.

Күннен-күнге оңтайландырылып жатқан отандық сот жүйесі бүгінде электрондық жүйеге толық ауысқан. Судьялардың қарауына берілетін істер «Төрелік» ақпараттық жүйесі арқылы түссе, «Сот кабинеті» арқылы азаматтар арыз, шағымын онлайн режимде жолдайды. Сот отырыстары аудио және бейнежазбаға түсіріледі. Бұл жаңашылдықтар істердің қаралу сапасын арттырып қана қоймай, сыбайлас жемқорлықты болдырмауға да бағытталғанын ескерген жөн.

Жиын соңында БАҚ өкілдері резонанстық істер бойынша халықты ақпараттандыру мәселесі қолға алынса деген тілек білдірді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**
*Суретті түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**




АТАУЛЫ КҮН

# 2 ТАМЫЗ – ТАРИХТА



1610 жылы 2 тамызда Генри Гудзон әйгілі Гудзон шығанағын ашты.

1887 жылы АҚШ-та Роуэлл Ходж тікенекті сымды патенттеді.

Бұл күн – Кеңес Одағында «Әуе-десанттық күштерінің күні».

Ал Әзербайжан мемлекетінде «Ұлттық кино күні» ретінде атап өтіледі.

Македония мемлекетінде – «Республика күні».

1934 жылы дәл осы күні Гиденбург рейхспрезидентінің өлімінен кейін Адольф Гитлер Германияның фюрері болып жарияланды.

1995 жылы, дәл осы күні Мысыр астанасы Каирде Абай Құнанбайұлының туғанына 150 жыл толуына арналған салтанатты кеш өтті.

2007 жылы Сеул қаласында Қазақстан халқы ассамблеясының тұсаукесер рәсімі болды.

Дәл осы жылы, дәл осы күні Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасындағы «Мақта шаруашылығын дамыту туралы» Заңға қол қойды.

2012 жылы, 2 тамыз күні Ақтөбе облысынан қола дәуірінде өмір сүрген 2 метрлік адамдардың қорымы табылды.

НАҚТЫЛАУ

«Saryarqa» газетінің 2019 жылғы 26 шілдедегі 28-нөмірінде жарияланған «Архивтік анықтама қайдан, қалай беріледі?» атты мақаладағы «Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:» деп басталатын абзац «Құжаттар мемлекеттік корпорациядан көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәттен бастап, сондай-ақ, портал бойынша жүзеге асырылғанда мемлекеттік қызметті көрсету үшін екі немесе одан да көп ұйымдардың және (немесе) уақыты бес жылдан астам кезең құжаттарын зерделеу қажет болғанда көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік корпорация немесе порталь арқылы мерзімді ұзарту туралы екі жұмыс күні ішінде хабардар ете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін қызмет көрсету мерзімін отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартады» деп оқылсын.

100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

# ШЫҒЫСТЫ «БАТЫСША ТҮСІНУДІҢ» БІР БАЯНЫ

**Көрнекті культуролог, араб текті америкалық интеллектуал Эдуард Уади Саид 1978 жылы жариялаған «Ориентализм» атты академиялық зерттеуінде Шығыс тарихы, саясаты мен мәдениетіне қатысты кезінде Батыстың ғылыми ортасында, әлеуметтік санасы мен басқару жүйесінде орнығып қалған біршама жалған, жасанды және қате түсінікті сыни ой сүзгісінен қайта өткізді.**




Гарвард университетінің түлегі, Колумбия университетінің профессоры, америкалық лингвистика академиясының президенті және Палестина мемлекетін құруды жақтаушы болған Саид бұл еңбегінде «ориентализм» түсінігін бірнеше сатыға қойып қарастырады. Белгілі америкалық шығыстанушы һәм сыншы Бейли Виндер бұл сатыларды Шығыс туралы академиялық зерттеудің бір парасы, Батыс пен Шығыстың арасындағы онтологиялық және эпистемиологиялық айырмашылық туралы жалпы таным және XVIII ғасырдың соңынан бастап Шығыста орныққан Батыс билігінің корпорациялық басқару жүйесі деп сипаттаған.

Кәсіби әдебиеттанушы ретінде Саид үш бөлімнен тұратын кітабының алғашқы екі бөлімінде («Ориентализмнің аумағы» және «Ориенталистік құрылымдар мен қайта құрылымдар») жаңа заманғы Батыстың Шығыс туралы үстірттеу түсініктерін түрлі тарихи және әдеби мәтіндер арқылы терең сараптап берген. Ал «Ориентализм бүгін» атты үшінші бөлімінде ол «Шығыс туралы жаңсақ пікір қалыптастыру әрекетінің» қазіргі ғылыми ортада жалғасып жатуы мүмкін екеніне нұсқайды. Дәл осы бөлімнің, әсіресе автордың ұлыбританиялық-америкалық шығыстанушы Бернард Льюистің тұжырымдарына қатысты пайымдарының Батыстағы академиялық ортада сынға ұшырағанын атап өту ләзім. Кейбір замандас зерттеушілер Саид өз тұжырымын дәлелдеу үшін Льюистің мәтіндерін үзіп-жұлып, өзіне тиімді түрде ғана пайдаланды деп ойлайды.

«Ориент» (Шығыс) деген өте кең тақырып болғандықтан, Саид бұл зерттеуінің ауқымын «Арабтар мен исламды танудағы 162 ағылшын-франко-америкалық тәжірибе» деп тарылта айқындаған. Сол себепті, негізінен, Батыс пен арабтілді Таяу Шығыстың қарым-қатынасына жіті үңілген. Бірақ «Ориентализм» Батыстың басқа да Шығыс халықтарын, әсіресе отарлау кезеңіндегі «тану» ерекшеліктері туралы көптеген академиялық зерттеудің жазылуына, мәдени кеңістіктегі түрлі пікірталасқа түрткі болды. Бұл еңбек қазақтілді зерттеушілер мен студенттердің ойын қозғап, олардың Қазақ хандығы мен ҚазССР-іне қатысты қалыптасқан «патшалы Ресей ориентализмі» мен «совет ориентализмінің» стереотиптері туралы тың деректер табуына, осы құбылыстың жаңа қырын айшықтап шығуына себеп болуы әбден мүмкін.

Ұлттық аударма бюросының «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының аясында қазақ тіліне аударылған Эдуард Уади Саидтың «Ориентализмі» қазақстандық шығыстанушылар, тарихшылар, саясаттанушылар мен мәдениеттанушыларға осы құбылыстың жаңа қырын айшықтап шығуына себеп болуы әбден мүмкін. Ұлттық аударма бюросының «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының аясында қазақ тіліне аударылған Эдуард Уади Саидтың «Ориентализмі» – қазақстандық шығыстанушылар, тарихшылар, саясаттанушылар мен мәдениеттанушылар үшін, жалпы оқырман үшін зор олжа. Бұл ұйым Батыс тілдерінен қазақ тіліне академиялық зерттеулерді тікелей аудару тәжірибесін қалыптастыруға ерен еңбек сіңіріп отыр. Осы үрдістің алғашқы нұсқаларының бірі – «Ориентализмнің» қазақша тәржімесінде аз-маз стильдік қатенің ұшырасуы – заңдылық. «Көш жүре түзеледі». Ұлттық аударма бюросының заманауи академиялық тәржіме орталығын қалыптастыру әрекетін тарихи маңыздылығы жағынан IX ғасырда Бағдадта халиф әл-Мамун ашқан «Даналық үйімен» («Бәйт әл-Хикма») және XX ғасырдың басындағы алашордашыл аудармашылардың мектебімен салыстырар едім. Өйткені мұндай пассионарлық ынта-ықыласты бастама Қазақстандағы білім беру ісі мен ғылыми ортаны дамытып, жаңашыл көзқарасты оқырман қалыптастырады.

**Ғалым БОҚАШ,**
**MPhil (Oxon.) шығыстанушы**

ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ

# «БАЛАУСАДАҒЫ» БАЛ КҮНДЕР

**Жазғы демалыс маусымы – балалар үшін ерекше қуанышты сәт. Тағы бір оқу жылын аяқтаған оқушылардың бос уақытын тиімді әрі қызықты өткізу мақсатында №1 жалпы орта білім беретін орта мектептің жанынан «Балауса» жазғы сауықтыру лагері өз жұмысын бастаған болатын.**



Жазғы сауықтыру лагері екі кезеңнен тұрды. Оның құрамына аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан балалар мен озат, үлгілі оқушылар, сондай-ақ, денсаулығы сыр берген бүлдіршіндер алынды. Олардың демалысын ұйымдастыру жазғы лагерь басшысы бастауыш сынып мұғалімі Гүлден Жақаеваға, тәрбиешілер Айдана Төлеуоваға, Фариза Шоқанға, Асыл Байгенжинова мен Несібелді Әлшімбаеваға және Индира Төлегеноваға жүктелді.

Биылғы жазғы сауықтыру алаңында 60 оқушы қамтылды. Онда оқушылар үш мезгіл тамақтанып, әр түрлі ұжымдық шараларға қатысты. Сонымен қатар, аптасына екі рет оқушылар сарайы және өнер мектебінде өткен түрлі үйірмелерге қатысу мүмкіндігіне ие болды. Сауықтыру лагерінде де түрлі шаралар жоспарланып, сәтті жүзеге асқанын да айта өткен жөн. Атап айтқанда, «Балауса ханшайымы» атты топ аралық сайыс, «Ғарышкерлер» бақжолында өткен «Шынықсаң шымыр боларсың» эстафеталық ойыны мен «Бантиктер күні» және т.б. концерттік бағдарламалар өз деңгейінде ұйымдастырылды.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Зина Төлегенова мен Жұлдызай Тілен өткізген «Шынықсаң шымыр боларсың», «Көңілді старт» спорттық ойындары балалардың көңілін көтеріп қана қоймай, салауатты өмір салтын ұстанып, спортқа деген қызығушылығын арттырды. Жүрегі мейірімге толы ақ халатты Гүлдана Бабасова балалардың денсаулығын бақылап, күнтәртібінің сақталуын, тамақтың құнарлығын қадағалады.

Жазғы сауықтыру алаңында тәрбиешілердің көмегімен, жан-жақты даярлығы бар мектеп оқушылары іріктеліп, қалалық білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен өткен шараларға қатыстырылды. Осылайша, өз өнерлерін ортаға салған өнерлі өрендер «Астана – елімнің жүрегі» шығармашылық музыкалық композиция сайысында I орын және «Қауіпсіз каникул» атты асфальтта сурет сайысында жүлделі III орынға қол жеткізді.

Оқушылардың қауіпсіздік шараларын жіті меңгеріп, қарсы тұра білуі үшін де бірқатар танымдық сабақтар өткізілді. Балаусалықтар өрт пен судан келер қауіппен танысып, сақтық шараларын жадына сақтап алды. Өскелең ұрпақты өлке тарихымен таныстыру мақсатында Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайына саяхат ұйымдастырылып, орталықтандырылған кітапханаға бару арқылы да білімдерін толықтырды. «Азия» ойын-сауық алаңында бейқам ойнап, 3Д кинотеатрында қызықты фильмдер тамашалап, «Лагуна» жағажайында күнге қыздырынып, шомылған «балаусалық» балғындар ұмытылмас әсер алып, лагерьмен қимастықпен келесі жылға дейін қош айтысты.

**Гүлден ЖАҚАЕВА,**
**№1 орта мектептің алаң басшысы**

# *Жезқазған шаһарының жылнамасы*

***1978 жыл***

• Қаңтар айында 1977 жылдың 9 желтоқсанындағы Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №36/21 шешімі бойынша 6 шағынауданда көпшілік кітапхана ашылды.

• 27 қазанда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №390/20 шешімімен Космонавтар бульвары бойындағы мемориалдық алаңға «Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Ұйымының 60 жылдығы атындағы алаң» атауы берілді.

• 15 желтоқсанда Жезқазған облыстық III партия конференциясы өз жұмысын бастады.

• Желтоқсан айында КСРО Жоғарғы кеңесі Президиумының Жарлығымен кен-металлургия комбинатының 148 жұмысшысы мен инженер-техникалық қызметкерлері СССР ордендерімен, медальдарымен марапатталды.

• Жезқазған қаласының құрылысына сіңірген еңбектері үшін және Еңбек Қызыл Ту орденді «Қазмысқұрылыс» трестінің ардагер құрылысшыларының тілегіне орай Бейбітшілік даңғылы мен С.Сейфуллин бақжолы қиылысқан жердегі саяси-мәдени шара өтетін алаңға «Алғашқы құрылысшылар» ескерткіші орнатылды. 4 тамызда Жезқазған қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару комитетінің №299/15 шешімімен ескерткіш орнатылған алаңға «Алғашқы құрылысшылар алаңы» атауы берілді.

• 1978-1979 оқу жылында Жезқазған педагогикалық институтының «Көркемсурет және графика» факультеті ашылды.

• Жезқазған тау-кен техникалық институтының «Пайдалы қазбалар орнын жер астында игеру» кафедрасы құрылды.

• Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 10 мамырдағы 198-р өкімі бойынша ЖКБК тарихи өндірістік музейінің негізінде облыстық тарихи-өлкетану музейі ашылды. 14 маусымда халық депутаттары Жезқазған облыстық кеңесі атқару комитетінің облыстық тарихи-өлкетану музейін ашу туралы №280/10 шешімі шықты. Музей Суворов (Гурьба), 25 мекенжайындағы ғимаратта уақытша орналасты. Музейдің алғашқы директоры танымал өлкетанушы С.Бүкіров болды.



• Халық шаруашылығының жоспарларын орындаудағы жетістіктері үшін Жезқазған қаласы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің, Қазақстан кәсіподақ кеңесінің және ҚЛКЖО-ның Ауыспалы Қызыл Туымен марапатталды.

• Байыту фабрикасының №2 корпусындағы 7, 8, 9-секцияларының ескі машиналары мықты, жоғары өндірістік құрал-жабдықтармен ауыстырылды.

• №6 балабақша ашылды.

• Жезқазған жылу электр орталығының жатақханасында М.Әуезов атындағы орталықтандырылған кітапхананың он екінші филиалы ашылды.

• КСРО Журналистер одағы басқармасының секретриаты және «Журналист» журналының редакциялық алқасының қаулысымен «Жезқазған туы» газеті редакциясының коллективіне «Журналист» журналының Құрмет дипломы берілді.

• Қарыштап өсуі Қарсақбай мыс қорыту зауытынан басталған Қ.Сәтбаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинатына – 50 жыл болды. Жарты ғасырда комбинаттың даңқы дүние жүзін шарлады.

• Композитор Ш.Қалдаяқов Жезқазған өңірінде болып, Жезқазған кен-металлургия комбинатының құрылғанына 50 жыл толуына байланысты Жезқазған кеншілеріне арналған «Жарқырайды Жезқазған» әнін тарту етті.

• Облыс бойынша 510 кітапхана, 236 клуб пен мәдениет үйлері, 372 киноқондырғы жұмыс істеді.

**Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді**

